

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЛЫШ Аманжол

ЭТНОЛОГИЯНЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

ӘОЖ 39
КБЖ 63.5
Қ 30

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, академик **Б.Е. Көмеков**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Т. Төлеубаев**
тарих ғылымдарының докторы **Р.А. Бекназаров**

Қалыш А.

Қ 30 Этнологияның іргелі мәселелері: оқу құралы. – Алматы:
Қазақ университеті, 2013. – 142 б.

ISBN 978-601-04-0130-3

Бұл оқу құралында дүниежүзілік және отандық этнологияның іргелі мәселелеріне қатысты негізгі тұжырымдар жүйеленген. Сонымен қатар этнос теориясының жалпы қабылданған қағидалары және арнайы түсініктері; этногенетикалық және этникалық үдерістерді зерттеудің әртүрлі әдістемелік дәстүрлері; қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы; мәдени-шаруашылық жүйесі; дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеті сияқты іргелі мәселелерге қатысты бағдарламалық бағыттар, дәріс тезистері берілген. Оқу құралы «Археология және этнология» мамандығы бойынша білім алатын магистранттарға, Ph.D докторанттарға, тарих және этнология пәнінен дәріс беретін оқытушыларға, зерттеушілерге және қазақ халқының тарихына қызығушылық танытатын қауымға арналған.

**ӘОЖ 39
КБЖ 63.5**

ISBN 978-601-04-0130-3

© Қалыш А.Б., 2013
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

“Этнологияның іргелі мәселелері” пәні қазіргі кезеңдегі гуманитарлық ғылымдар жүйесінде этнос және этногенез теорияларын зерттеудің мәселелерін, этникалық зерттеулердегі негізгі методологиялық әдістемелерін талдаған ізденістерді жүйелейді. Сонымен қатар аталған пәнде қазақ халқының этногенезіне, этникалық тарихына, материалдық және рухани мәдениетіне үлкен көңіл бөлінеді. Этнологияның өзекті мәселелерін дәріс, семинар, реферат, бақылау сұрақтарын қою арқылы магистранттарға білім беру негізгі мақсат болып табылады. Курсты оқытуда магистранттардың таным дүниесін ояту, оны оң қалыптастыру сынды құндылықтар басшылыққа алынған.

• Курстың мақсаты мен міндеттері.

Пәннің мақсаты: магистранттарды дүниежүзілік және отандық этнологияның іргелі мәселелерімен, этнос теориясының жалпы қабылданған және арнайы түсініктерімен, этногенетикалық және этникалық процестерді зерттеудің әртүрлі әдістемелік дәстүрлерімен таныстыру.

Пәннің міндеттеріне этнос пен этногенез теорияларын және қазақ этносының өмір сүруіндегі қажетті жүйелерін қоғамның даму заңдылықтарына орай өзгеретіндігін айқындау және көрсету жатады.

• **Пәнді оқыту мен оның нысаны.** Этностардың этногенезі, этникалық тарихы, олардың қызметіндегі өзектілік, этникалық мәселелердің талдануы, халықтардың антропофизикалық дамуы. Этнологияның әлеуметтік функциялары: ғылыми-танымдық, этностың өзін-өзі тану қызметі. Этникалық топтардың қызметі мен әлеуметтік аспектісінің дамуы, олардың ұқсастықтары, өзіндік ұйымдастыру формалары, этникалық топтардың өзара байланыс типтері. Этникалық стереотиптердің қалыптасуы, этникалық өзін-өзі тану мен бірегейлік мәселесі. Этнология терминдері. Шетелдік және отандық этнология ғылымдарының тарихы. Volkerkunde ғылыми бағытымен қалыптасқан Германиядағы халықтар туралы ғылымдағы дәстүр. Ұлыбританиядағы ағылшын этнологиясының

негізін салушылардың бірі Джеймс Фрезердің ғылыми айналымға енгізген әлеуметтік антропология құрамындағы халықтар. АҚШ-тағы физикалық антропология, нәсілдік және мәдени айырмашылықтарды зерттеудің негізін салушы Генри Льюс Морганның ізденістері. Россия мен Франциядағы халықтар туралы ғылымның деңгейі. Н.Н. Миклухо-Маклай, Г.Г. Шпет, В.В. Богораз және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері.

● **Зерттеулердің әдістері.** Нақты объектіні (нысанды) барлық қолда бар білім көлемімен зерттеу. Этнологиялық зерттеу жұмыстары тәсілдерінің спецификасы. Этностарды қарастырудағы этнология ғалымдарының зерттеулері мен сипаттамалары, саяхатшылардың жазбалары, фольклорлық және көркемдік мәтіндер, этносоциологиялық және этнопсихологиялық зерттеулер, публицистикалық материалдар, ресми құжаттар, тарихи және қоғамдық саяси әдебиеттер және т.б. Сонымен қатар этностарды зерттеу барысында қолданылатын басқа да тәсілдердің құндылығы. Мысалы, олармен тікелей қатынас кезінде кездесетін әртүрлі жағдайлар, пайымдаулар мен түрлі дәлелдер, әңгіме және талас кезінде қолданатын логикалық пайымдаулар, қоршаған ортаның өзіндік іс-әрекетін түсіндіруде жиі кездесетін басқа да тәсілдер мен құнды құбылыстар.

Жоғарыда көрсетілген әртүрлі мәліметтерді алу және өңдеу барысындағы қолданылатын түрлі тәсілдер. Бүгінгі таңда этнологияда этнологиялық зерттеу тәсілдерінің тұтас жиынтығының жан-жақты қалыптасуы. Оның құрамына этнологтардың ел арасында жүргізген зерттеулері, жазба деректермен ауызша аңыздарын анықтауы, археологиялық және антропологиялық мәліметтерді қолдануы, статистикалық көздерді (ең алдымен халық санақтарының мәліметтері) талдауы.

Салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалдық және жүйелі тәсілдері, контент-анализ, эксперттік бағалау тәсілдері және т.б.

● **Этностарға байланысты негізгі теориялар және оны талдау.** Тарихта ғасырлар бойы қалыптасқан этнологияның негізгі ірі ғылыми бағыттары мен мектептерінің сипаттамасымен кейбіреулерінің әр мезгілде жоғары сатыға көтерілуі және белгілі бір

беделге ие болуы. Олардың қатарына эволюционизм, диффузионизм, структурализм, АҚШ мектебіндегі тарихи этнология, функционализм, мәдени релятивизм және т.б. мектептердің жатуы. Этникалық қоғамдар және олардың мәдениетіне тікелей қатысты негізгі идеялар мен алғашқы тұжырымдардың бөлініп шығуы. Бұл теорияны қолданудағы шектеу тәсілінің анықталуы және олардың инструменталды әрекет етуші элементтерінің көрсетілуі. Сонымен қатар этнология тарихының дамуы барысындағы қалыптасқан бағыттарды жүйелі түрде мазмұндау.

Этнос теориясының халықтарды классификациялау барысындағы жүйелі және реттеуші сипаты. Антропогендік процестер және этногенездік фактілер, олардың түлеріндегі өзіндік айырмашылықтар. Бұл мәселенің жалғасы ретінде көптеген сұрақтардың туындауы, яғни этностың психологиясының даму механизмі, оның құрылымы және адамның нақты бір этнос құрамында болуып сезінуі. Этностар мәдениетін әр қырынан зерттеу бүгінгі таңда этнология ғылымының негізгі бір міндеті болып отыр, сонымен қатар этникалық мәдениеттің функционалдығын белгілеу, оның деңгейін, мәдениеттің өзге түрлерімен байланысын жан-жақты қарастыру. Әр этностың өмір сүруі мен одан әрі дамуы көп жағдайда басқа этностармен өзара байланыста болуы.

1-тарау

ЭТНОСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Дүниежүзі халықтарының классификациясы

Халықтың толық сипаттамасын оның дүниежүзіндегі басқа халықтар арасындағы орны және іргелі классификациялық белгілердің жиынтығы арқылы беру. Бұлардың санатына географиялық, антропологиялық, тілдік және шаруашылық-мәдени құрамдардың қосылуы. Дүниежүзі халықтарын жүйелеу – этностарды және оларға тән белгілерді сипаттайтын табиғи-ғылыми және әлеуметтік құбылыстарды классификациялау жиынтығының негізінде алынуы.

• Географиялық классификация

Адамзатты оларды мекендеу жерлеріне сәйкес жекеленген таптар мен халықтарға бөлінуі негізінде қарау. Сонымен бірге көршілес қоныстанған халықтардың ортақ тегі мен мәдениет ұқсастығын анықтау.

Дүниежүзі халықтарын классификациялаудың этнологияда қабылданған жалпы түрі мынандай:

Австралия мен Мұхит аралдарының халықтары. Бұл территория мынадай аймақтарға бөлінеді: Австралия және Тасмания, Полинезия, Микронезия, Меланезия.

Шетелдік Азияның халықтары. Бұл – мейлінше жалпылама ұғым. Ал шығу тегі, тарихи тағдырлары мен мәдениеті жағынан әртүрлі, тіпті саны жағынан алғанда үш миллиард адамнан асатын халықтарды қамтуы. Оның дербес аймақтар түрінде Батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс, Шығыс және Орталық Азия болып бөлінуі.

Африка халықтары. Африканың шартты түрде Шығыс, Батыс, Солтүстік және Оңтүстік Африкаға бөлінуі.

Америка халықтары. Американың үш ірі аймақтарға жататындығы: Солтүстік, Орталық және Оңтүстік.

Шетелдік Еуропа халықтары. Еуропа (Батыс, Орталық, Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік) халықтары. Бұрынғы КСРО, соның ішінде Ресей, Балтық жағалауы, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан халықтары.

Этнологияда дүниежүзі халықтарын тарихи-этнографиялық аймақтар (ТЭА) бойынша классификациялау тәсілінің кеңінен қолданылуы. Тарихи этнографиялық аймақтар көршілес туыс және туыс емес халықтардың тарихи дамуы барысында қалыптасуы, олардың ұзақ уақыт бойы қатысуына байланысты шаруашылық пен мәдениетіне ұқсас белгілердің пайда болуы.

• Антропологиялық классификация

Әртүрлі табиғи географиялық ортада қалыптасқан адамдар арасындағы айырмашылықтардың зерттелуі және олардың нәсілдік айырмашылықтар деп аталуы. Нәсілдерді айыруға болатын белгілердің әртүрлі болып келуі. Нәсілдік диагностика жасауда тері мен шаштың түсінің (пигментациясы) атқаратын ролі. Нәсілдік белгі ретінде адамның бойы, салмағы мен дене пропорциясына бірсыпыра аз мән берілуі. Нәсілдік типтерді ажырату үшін бас пен бет-әлпеттерінің маңыздылығы. Антропологияның әдетте шығу тегі жағынан өзара ортақ үлкен төрт нәсілді ажыратылуы: еуропеоид, монголоид, негроид және австралоид.

Еуропеоидтардың бүгінгі кезде барлық континенттерді мекендеуі және көптеген «екінші қатардағы» нәсілдерге (немесе кіші нәсілдерге) бөлінетінділігі. Еуропеоидтар арасында ашық-пигментті (ақ сарылар), қоңыр-пигментті (қара топтылар) және аралас топтылар (қара қоңырлар, қоңыр-ақсарылар) болып келуі.

Моңғолоидтардың негізгі қоныстанған аймақтары – Сібір мен Шетелдік Азия. Кейбіреулерінің антропологиялық жағынан моңғолоидтарға өзіндік ерекшелігі бар америкалық үндістердің қосылуының тигізген септігі. Моңғолоидтық нәсілдің континенттік, тынық-мұхиттық, арктикалық немесе эскимостық тармақтарға бөлінуі. Моңғолоидтардың аралас және ауыспалы типтерді құрайтындығы. Контакттылы топтарға оңтүстік азиялық, полинезиялық және басқа да нәсілдік типтердің жататындығы.

Негроид нәсілінің Африкадағы таралу аймақтәрі. Негроидтардың ұрпақтарының Америкада (Солтүстік Америка, Мезоамерика

және Оңтүстік Америка) кең таралуы. Негроид нәсіліндегі негрлер, негрилдер, бушмендер мен готтентоттар.

Австралоид нәсіліне Австралияның байырғы халқы, папуастар мен меланезиялықтар, негроидтар мен Оңтүстік Шығыс Азия және Шри-Ланка аралдарының ішкі бөліктерін мекендейтін бойлары аласа веддоидтердің жататындығы. Негроид, австралоид және европеоид нәсілдері арасында көптеген ауыспалы топтардың кездесетіндігі.

● **Тілдік классификация.**

Халықтар арасындағы тілдік және генетикалық туыстықты анықтау. Туыстас тілдердің жиынтығы тілдік семья ұғымымен белгіленуі. Осы заманғы тілдік семьялар ежелгі тілдік негізге бәріп тоғысуы, соның салдарынан олардың арасында генетикалық, туысқандық көріністердің ғылыми болжамдарға сүйенуі.

Үндіеуропалық семьяның келесі ірі тармақтарға бөлінуі: семит-хамит семьясының семит, кушит, бербер және чад тармақтары. *Орал семьясы*: фин-угор және самодий тармақтары. *Алтай семьясы*: түрік, моңғол, тунгус-маньчжур тармақтары. *Кавказ семьясы*: картвель, абхаз-адыгей, нах-дағыстан тармақтары. *Австроазия семьясы*: вьет, мяо-яо, мон-кхмер, мунда т.б. тілдік топтарына бөлінуі. Сонымен қатар конго-кордофан (нигер-кордофан), нил-сахара және қойсан, австронезия немесе малайя-полинезия, қытай-тибет, тай, үнді, дравид, папуас семьялары.

● **Мәдени-шаруашылық классификациясы.**

Мәдени-шаруашылық типтер (МШТ) бойынша халықтарды классификациялау. Этнологиядағы мәдени-шаруашылық типке әлеуметтік-экономикалық даму жағынан бір-біріне жақын және ортаның ұқсас жағдайларында мекендейтін әртүрлі халықтарда тарихи қалыптасатын шаруашылық пен мәдениет ерекшеліктерінің кешендері.

Шаруашылықтың даму дәрежесіне қарай мәдени-шаруашылық типтердің үш топқа бөлінетіндігі. Бірінші топтың меншіктенетін салалық әрекеттің басым болуымен сипатталуы (аңшылық, балық аулау, терімшілік). Екінші топта – кетпенді қол егіншілігі мен мал шаруашылығының басымдылығы. Үшінші топта – соқалы егіншілердің біріктірілуі. Мәдени-шаруашылық типтердің бірінші тобы анағұрлым архаизмді және әлеуметтік-экономикалық даму-

дың алғашқы қауымдық дәрежесіне сай келуі. Бұл топтағы ең артта қалушы – кезбе аңшылар мен терімшілік түрі.

Солтүстік Америка мен Солтүстік Еуразияның солтүстік орманды зонасында аңшылардың әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарының анағұрлым дамуы. Келесі мәдени-шаруашылық типке солтүстік зонаның өзен, теңіз, мұхит жағалауларында балық аулаумен айналысатын және отырықшы аудан тұрғындарының жатқызылуы. Мәдени-шаруашылық типтердің келесі екі тобының өндіруші шаруашылығымен байланыстылығы. Соқалы егіншілікпен бірге мал шаруашылығының да дамуы. Көшпелі және жартылай мал шаруашылығы түріндегі дербес шаруашылықтың мәдени тип ретінде бөлініп шығуы. Көшпенді халықтардың егіншілікпен шұғылдануға жарамсыз орта жағдайында экстенсивті жайылымды мал шаруашылығымен айналысуы.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Дүниежүзі халықтарын классификациялаудың этнологияда қабылданған жалпы түрі.
2. Нәсілдік айырмашылықтардың басты белгілерін атаңыз.
3. Мәдени-шаруашылық типтердің ең дамыған формасын көрсетіңіз.

1.2 Этностың примордиалистік теориясы

• Примордиализмнің табиғи бағыты.

Бұл ғылыми дәстүрдің ХІХ ғасырдағы неміс романтизмінің идеяларынан және қоғамтанудың позитивисттік дәстүрлерінен бастау алуы. Оны жақтаушылардың этникалықты объективті шындық, яғни адамзаттың алғашқы (примордалистік) сипаттамасы түрінде қарастыруы. Примордиализмде жалпы психикалық қор және сезілетін мүшелілік, тіл, территория түріндегі сатыларына тән объективті қауымды өздерінің субъективті қабылдауларынан тәуелсіз жол арқылы бақылауы. Бұл тәсілдің этникалықты өзінің шеткі түрлерінде әлеуметтік-биология категориясында «туыстық сұрыптау мен қатынастардың кеңейген түрі» ретінде, яғни алғашқы инстинктивті импульс ретінде қарастыруы.

Примордиалистік (жалпылай көзқарас) теорияның этникалық жекелеуіне, адамның топпен немесе сол мәдениеттің табиғи байланысына негізделуі. Примордиализмнің теориялық көздері.

Примордиализмнің жақтастарының этнос пен этностықты табиғатта немесе қоғамда жалпылама негізі бар шынайы феномен ретінде өмір сүреді деп есептеуі. Этностың шығуы туралы осы екі объективті нұсқаны негізге ала отырып, примордиалистік тұрғыдағы барлық теориялардың екі бағытқа бөлінуі: табиғи және тарихи-эволюциялық.

Табиғи бағыт. Бұл жерде примордиалистік (алғашқы қалпында) құрылым ретінде ата-тегі бір, бір нәсілге жататын биологиялық механизм деп айқындалуы. Бұл бағытты жақтаушылардың этникалық ұғымын эволюциялық идеялар көмегімен, яғни генетикалық және географиялық факторлардың өзгеруі, «кеңейтілген қоғамдық топтардың» немесе «туысқандық талдау мен байланыстардың кеңейтілген формасы» ретінде түсіндіруі.

Жекелеген тұлғаның генетикалық үлесін азайтып, сонымен бірге оның генасының тікелей емес жолдармен берілу мүмкіндігінің ұлғайтылуы. Яғни өз генасын тікелей немесе келер ұрпаққа жеткізу нәтижесінде тұлғаның өзінің генофондысының қайталануына ықпал етуі.

Бұдан шығатын қорытынды – неопотизмнің эволюциялық топтың басымдылығы ретінде және генетикалық деңгейде жүзеге асырылуы. «Қанды талғамның» америкалық биохимик және генетик Пьер Ван ден Бергтің пікірі бойынша этникалық феноменнің құрылуының басты рөлді атқаруы.

Этностың өзінің табиғаты жағынан белгілі бір тұтастықтағы құрылым болып табылуы. Бұл құрылымда негізгі жүйені құрау рөлін оның әртүрлі компоненттерінің атқаруы. Бір жағдайларда басты рөл шаруашылық-тұрмыстық ерекшеліктерге тиетін болса, екінші бір жағдайларда – материалдық мәдениетке тән ерекшеліктерге тиесілі болуы. Ортақ территорияның табиғат жағдайларының адамдар өміріне, олардың шаруашылық қызметіне, мәдениетіне, тұрмысы мен басқа көрсеткіштерінің кейбір ортақ ерекшеліктері арқылы ықпал жасауы.

• Примордиализмнің тарихи-эволюциялық бағыты.

Этностыққа деген примордиалистік тұрғы шегіндегі жалпы тарихи-эволюциялық және қайталанбас этникалық тұтастықтардың өзара әрекеттестігінің біркелкі және түрлілік процесс ретінде танылуы. Ал мұндай әлеуметтік топтардың субэтникалық, этникалық, суперэтникалық тұтастықтар иерархиясының базалық

негізінде қаралуы (Энтони Смиттің «ұлттардың этникалық тұтамыры», Мирослав Хрохтың «этнотарихи интерпретациясы», «қажетті этнологиясы» және т.б).

Примордиалистік тұрғының өзіндік теориялық және әдістемелік бастауы ретінде еуропалық метафизиканың классикалық конструкциялары, философиядағы «географиялық» бағыттары (И.О. Гердер, Ш.Л. Монтескье, Ф. Ратцель, Г.Т. Бокль, Л.И. Мечников және т.б), марксизм философиясы, М. Вебердің әлеуметтік теориясы, Клиффорд Гирцтің «ұлт тағдыры негізіндегі шектік тұтастылық» теориясы және т.б. теориялардың әсері.

XX ғасырдың 60-70-жылдарында әлемдік гуманитарлық ғылымында этностыққа деген примордиалистік тұрғыдан қараудың негізгі ықпалға айналуы. XX ғасырдың 80-90-жылдарында аталмыш тәжірибенің теориялық жүзде жалғасуы. Осы әдістемелік көрсеткіштің шартты түрде төмендегідей нұсқада берілуі: биоәлеуметтік, әлеуметтік-тарихи, жүйелі-синергетикалық, геосаяси, ақпараттық.

Биоәлеуметтік бағыттағы және этникалық зерттеулердегі маңызды бір ұғым – реципрокность (өзара байланысу, бірлік) – алыс туыстардың және туыстық қатынасы жоқ тұлғалардың өзара байланыс және ынтымақтас болуы.

Пьер Ван ден Бергтің этникалық ұғымын адамның қалдық іріктеуге генетикалық бейімін биоәлеуметтік «неопотизм» деп аталатын жекелеуіне талдап алу деп түсіндіруді ұсынуы. Оның негізгі мәні – альтруистік кадамның (өзін құрбан ету қабілеті), яғни келесі буынға өз генасының бірігу мүмкіндігін азайтып, сонымен қатар оның өзіндік генасының қандас туыстарына берілу мүмкіндігінің ұлғаюы. Сондықтан неопотизмді өзін-өзі құрбан ету кадамының жалғасы деп қарастыру.

Адамдар көптеген топтарға бірігіп, бірін-бірі барлық мүмкін болар қауіптерден қорғануға келіскен кезде, біріккен топтарда тек туыстар ғана емес, басқа да қаны бөлек адамдардың топтарымен бірігуі. Бұл жағдайда көршілердің жақын адам деп есептелетіндігі, ал алыстан келген туыстардың «бөтендер» ретінде қабылдануы.

Этностың бұл жерде ерекше тарихи және әлеуметтік шындық ретінде, өзінің болмысында белгілі бір шектік негіздеме мен заңдылықтарға ие және белгілі бір мазмұндық сипаттамалар жиынтығына ие тарихи процестің шынайы субъектісі ретінде танылуы.

Мұнда этностың жүйелі параметріне баса назар аударылуы. Әсіресе, этногенез бастаулары, этникалық тұтастықтың құрылымдылығы, оның тарихи дамуының сатылылығы (соның ішіндегі «тайпа», «халық», «ұлт» түсініктері, этникалық шекараларды бекіту, этнос аралық өзара әрекеттестіктің оптимизациясы, этноско ғасырлар бойы өзінің қайталанбастығын жаңғыртуға мүмкіндік беретін «этникалық константаларды» іздестіру, этногенетикалық процестерді болжау және т.б. мәселелер маңызды болып табылуы.

Этностың өзінің шекарасы, сондай-ақ оған кіретін әрбір индивидтің біртектілік принципін сақтап және де осы принциптердің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұзақ уақыттық тарихи кезеңде тұрақты адамдардың тұтастылығы ретінде танылуы. Этникалық құрылым элементтеріне, негізінен, туыстық топтардың, кейбір маманданған топтардың және т.б. жатуы. Олардың өзара жеке қатынас деңгейіндегі әлеуметтік мәртебелері, тұрақты тәртіп ережелері, кейінгі толқынға тәжірибелерді берудегі этностық сананың басты рөл атқаруы.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Примордиализмнің теориялық көздері.
2. «Кеңейтілген қоғамдық топтар» түсінігі нені білдіреді?
3. «Неопотизм» деп аталатын түсінік ненің белгісі?

1.3 Этностың биоәлеуметтік тұжырымдамасы

• **Л.Н. Гумилев тұжырымдамасындағы этностың пассионарлық теориясы.**

Белгілі ғалым Л.Н. Гумилевтің (1912-1993) этногенездің пассионарлық теориясына берген талдамасы. Оның этногенез теориясында негізгі термин болып табылатындығы. Сонымен бірге этностың пайда болу негізінде пассионарлық, яғни ағзаның биосферадан сіңірген өте мол биохимиялық қуаты жатқан табиғи үдеріс, тұқым қуалайтын биологиялық сапа ретінде қарастырылатындығы. Пассионарлардың өздерінің бар екендігімен қалыпты ахуал-жағдайды бұзатындығы, айнала қоршаған ортаға қарсыласу қажеттігі оларды біреуге және келесі әрекет жасауға мәжбүр ететіндігі.

Л.Н. Гумилевтің бұл талдамасына әртүрлі ғылым саласы өкілдері пікірлерінің біркелкі болмауы. Л.Н. Гумилев теориясы географтар, геологтар, зоологтар, ботаниктер, философтар тарапынан біршама жақсы қолдау тапса, тарихшылар, филологтар мен шығыстанушылардың қызығушылығын тудыра алмауы. Этнологтардың да кейбір топтарының Л.Н. Гумилевтің теориясын қолдамауы. Оның болжамы бойынша ежелгі шумерлер мен басқа да этностардың орнына кейінірек парфияндар, эллиндер, латындар, римляндардың келуі. Олардың орнын тарихтың келесі бір кезеңінде итальяндар, испандар, француздар, гректер, түріктер, қазақтар және т.б. этностардың басуы.

Осыдан 5 мың жыл бұрын өмір сүрген халықтардан қазір ешкім қалмағанына адамзат тарихының куә болуы. Б.з.б. 2 мың жыл бұрын ұлы істердің бастамасы болғандардың қазір тек аз ғана бөлігінің қалып отыруы. Ал, енді біздің заманымыздың Х ғасырында өмір сүрген халықтардың біршама өзгерген қалыпта әлі де өмір сүріп жатуы. Бұл құбылыстың – этногенездің өзекті мәселесіне айналуы.

Л.Н. Гумилевтің тарихи материалдар негізінде этногенез процесінің бірқалыпты өтетінін, яғни әртүрлі дәуірлердегі этногенез фазаларының ауысып тұруының нақты ішкі заңдылықтарға бағынатынын көрсетуі (әрбір осындай процестің ұзақтығы 1200-1500 жылға созылады, ал ауысым ұзақтылығы 1200-1500 жылды құрайды). Осы процесті түсіндіру үшін Л.Н. Гумилев этногенез фазаларының ауысуын пассионарлық қуат жүйесінің өзгеру деңгейімен байланыстыратын пассионарлық тұжырымдаманы ұсынуы. Бұл қуаттылықтың этникалық ұжымдардың жоғары белсенділігімен көрінуі. Демек, этногенезді қозғаушы күштері табиғи биосфералық фактор болып табылатын процесс деп қарауы. Зерттей келе этногенезді өзіндік бір процесс ретінде түсіну. Оның қорғаушы күшінің табиғи биосфералық факторлармен байланыстылығы. Бұл факторлардың өмірдің әлеуметтік қалпын анықтаудағы рөлі.

Жалпы Л.Н. Гумилевтің тұжырымдамасы бойынша этногенездің үш негізгі тарихи типте көрінуі.

1. *Палеоэтногенез* – этностардың түрлі метаэтникалық қауымдастықтар негізінде, яғни олардың ұзаққа созылған мәдени қарым-қатынастары немесе саяси байланыстры негізінде қалыптасуы.

Палеоэтногенездің этнотілдік (герман, славян, түрік, араб), этнонәсілдік (Латын Америка), этномәдени (Кавказ, Еділ жағалауы, Сібір халықтары) және этносаияси (британ, швейцарлықтар) формаларын бөліп көрсету.

2. *Мезоэтногенез* – халықтар типті этностың, яғни тайпа мен ұлт арасында этностың пайда болуы. Мезоэтногенездің ерте таптық мемлекеттің құрылуымен сәйкес келуі. Кейінірек осы халық типті этностардың негізінде қазіргі дамыған елдердегі әртүрлі ұлттардың қалыптасуы.

3. *Неогенез* – Африка, Америка, Мұхит аралдары, Азия территорияларындағы жаңа және қазіргі заманның этногенезі. Бұған бұрын қалыптасқан этностар (негізінен еуропалық қоныс аударушылар) мен этногенездің әртүрлі даму сатысында тұрған жергілікті этникалық топтардың қатысуы.

• **«Этносфера» ұғымы адамзаттың жер шарындағы тіршілігінің формасы ретінде.**

Л.Н. Гумилевтің тұжырымдамасындағы этностың биоәлеуметтік ұғымы. Этногенез – тірі заттың биохимикалық қуатынан этностың этномәдени және тарихи іс-әрекетінің қуатына айналуы. Этносфера ұғымы адамзаттың жер шарындағы тіршілік әрекетінің формасы. Лев Николаевичтің В.И. Вернадскийдің ізімен этносты табиғи процестің айырылмас бөлігі ретінде түсіндіруі. Адамзат қоғамының дамуындағы әлеуметтік және биологиялық процестің арақатынасы. «Этноценоз» тұжырымдамасы шеңберінде этносты қоршаған табиғи ортаға кіргізу арқылы акцентті биологиялық факторға батыл аударуы. Басқаша айтқанда, этностың шаруашылық іс-әрекеті арқылы жергілікті табиғи жағдаймен, әсіресе, «тамақтандырушы ландшафтпен» тығыз байланыста болуы. Этносфераны ландшафт пен сол жерде тұратын адамдардың бірлігі деп түсінуі. Этносты үйреншікті ландшафтпен байластыру. Адамдардың басқа ландшафтқа ауысуының нәтижесінде этностың өзгеруіне әкеліп соғуы.

Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы бойынша, этнос – биоәлеуметтік бірлестік ретінде биосфераның бір бөлігі және туындысы, сонымен қатар әлеуметтік эволюцияның заты деп қарастырылып, геобиохимия және жүйелендіруді тарихи географиямен байланыстыруы. Этностың (биоәлеуметтік бірлестік ретінде)

элеуметтік заңдарға ғана емес, сонымен қатар табиғи заңдылықтарға байланысты туып, өмір сүріп, ал соңында әлсіреуі. Әрбір этникалық жүйенің белгілі бір схемаға бағынатын тарихы болуы: қозғалту – көтеру – қыздыру – құлдырау – өшу.

Осылайша Л.Н. Гумилевтің пікірінше, эволюцияның ішкі түрінде: өмірге пайдалы белгілер нығайып, ал теріс белгілері ұрпақтар ауысымында жоғалады. Этностың пайда болуында ешқандай жасандылықтың жоқтығы. Ол нақты анықталған кеңістікпен шектелген, оның қалыптасу орны мен даму циклдерінің белгілі бір «заңдылықтарға» тәуелді бағытталуы. Шынайылық, Л. Гумилевтің пікірінше, үш қағиданың бірлігімен анықталуы: географиялық (ландшафт), этникалық (халық) және саяси-элеуметтік (мемлекет). Алғашқы екі маңызды принциптің жаратылыстану ғылымымен байланысты болуы, үшіншісі алғашқы екеуінің өнімі ретінде адам туралы ғылым сферасына жатқызылуы.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Л.Н. Гумилевтың ұстаздық және ғылыми тәжірибесінің басты белестері неде?
2. Л.Н. Гумилевтың этногенезге байланысты үш негізгі тарихи типін бөліп көрсетіңіз.
3. Л.Н. Гумилевтың пікірінше этностың эволюциясы қандай қағидалармен анықталады?

1.4 Этностың элеуметтік-тарихи концепциясы

• Ю.В. Бромлейдің этнос және этникалық-мәдениет теориясы.

Этнос – адамдардың еркі бойынша емес, табиғи-тарихи процесс нәтижесінде пайда болған элеуметтік топтасудың айрықша бір түрі. Әр этносқа тән белгі – олардың елеулі тұрақтылығы, әдетте олардың көптеген жүз жылдықтар бойы сақталуы. Әр этностың белгілі бір ішкі бірлігінің болуы, сондай-ақ оны осындай типте пайда болған басқа барлық этностардан айырып тұратын өзгеше сипатының болуы. Мұның өзінде жеке этносты құрайтын адамдардың өзіндік сана-сезімі; олардың өзара идентификациясы да, өздері тәріздес қауымдастықтардан «біз» және «олар» дейтін антитеза формасындағы айырмашылықтәрі елеулі рөл атқаруы.

Этностың өзін өзгелерден ажыратуы. Оларда жалпы ортақ психиканың қалыптасуы. Территория тұтастығының ерекше орын алуы. Топтасқан адамдардың спецификалық ортақ мәдениетінің қалыптасуы үшін олардың бір-бірімен үздіксіз байланыста болуы. Ал, мұның өзі этностың орналасу тәртібіне тікелей байланысты. Сол сипаттамалардың ішіндегі аса маңыздысының бірі – тіл. Оның тиісті этносқа жататын адамдардың негізгі қарым-қатынас жасау құрал ретінде қызмет етуі. Сонымен бірге тілдің әлгі адамдарды әдетте басқа этностардың барлық адамдарынан немесе ең болмағанда солардың басым көпшілігінен бөліп тұруы.

Этнос терминінің кең мағынасы жалпы этникалық құбылыстардың әлеуметтік-экономикалық құбылыстармен тығыз байланысты екенін, олардың түштеп келгенде әлеуметтік-экономикалық құбылыстардан туындайтынын көрсету.

«Этникалық мәдениет» немесе «этнос мәдениеті» ұғымы. Этностықтың өзіндік сана болып қалыптасу және өзіндік идентификация негізінде бірлесуіндегі рухани мәдениеттің рөлі. Тұрақты дәстүрдің стереотиптік қабат мәдениеті. Функционалдық аспект. Мақсат пен міндетті анықтау. Негізгі терминдер, ұғымдар, әдістер және әдістемелер. Көптүрлі адамзат қауымдастығы арасында этностардың адамдардың өз еркімен емес, объективті тарихи даму үрдісінің нәтижесінде қалыптасқан топтарға енгізілуі. Адамдар арасындағы өте елеулі мағынасы бар жағдай, ол – мәдениеттің өзіне тән сипатты белгілері. Сондай мәдениет әдетте және топталу негізінде халық – этностарда сол өрісте бейнеленуі. Күнделікті тәжірибеде этностардың өзіндік материалдық және рухани мәдениеттерімен ерекшеленуі. Бұл барлық мәдениет компоненттерінің әр этноста өзіне тән үрдіспен баяу ұрпақтан-ұрпаққа берілуі.

• **Этнос этникалық-әлеуметтік организм (экономикалық, саяси, әлеуметтік қауымдастық) ретінде.**

«Этникалық-әлеуметтік организм» (қысқартылып алынғанда – ЭЭО) ұғымы. Мұндай құрылымның этностан айырмашылығы – олар біртұтас аумақта тұрады және тек этникалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық қауымдасу. Осы себепті де бұл тәріздес этникалық-әлеуметтік құрылымдарды типтерге топтастыруда олардың қандай да бір әлеуметтік-экономикалық формацияға қосылуының шешуші рөлі. Этникалық-әлеуметтік организм үш типке ажыратылады: алғашқы қауым дәуіріне тән –

тайпа, құл иеленушілік, феодалдық дәуірлер үшін – халық, капитализм дәуірі үшін – ұлт. Кейде капитализмге дейінгі қоғамның да этникостарын ұлттар деп атаудың қабылдануы. Мәселен, жақын және алыс шетелдерде тұратын қазақтар ұлтты (этносты) құрайтын болса, Қазақстан Республикасының қазақ тұрғындары – ұлт (ЭЭО) ретінде танылады.

Типологиялық саладан алып қарағанда этникалық-әлеуметтік организмдер үшін әлеуметтік-экономикалық параметрлер анықтаушы рөл атқарады. Тұстары сонымен қатар этноспен этникалық-әлеуметтік организмдер арасындағы кеңістік және құрылымдық айырмашылықтар ғана емес, уақыттық айырмашылықтардың да мәні зор. Алғашқылары кейде бірнеше әлеуметтік-экономикалық формацияларды қамтыса, екіншісі бір формацияның шеңберінде ғана болуы мүмкін.

Этностар мен этникалық-әлеуметтік организмдер этникалық қауымдасудың негізгі түрлері болып табылады. Алайда адамзаттың этникалық құрылымының бұлармен ғана шектелмеуі.

Қашанда бірнеше адамнан барлық адамзатқа дейін әртүрлі көлемдегі көптеген қауымдастықтар өмір сүрді, өмір сүріп келеді. Қауымдастықтардың уақытша және тұрақты болуы. Алғашқысы адамдардың олардың өмірінің бір бөлігін ғана қамтитын салыстырмалы түрде қысқа мерзімге біріктірілуі (жастар, оқушылар және т.б. ұйымдәрі).

Қауымдастықтың тұрақты түрі – адамдарды олардың бүкіл өмір сүру кезеңінде ғана емес, сонымен қатар олардың бір немесе бірнеше қоғамдық-экономикалық формация шеңберіндегі ұрпақтарының да өмірлерін қамтып, біріктіруі. Бірлестіктердің өте үлкен немесе шағын территориядағы адамдарды қамтуы және экстерриториалды (бұрынғы территория немесе территориядан тыс) да болуының мүмкіндігі. Қауымдастықтың тығыз немесе сирегірек те (бытыраңқы да) болуы, яғни қауымдастық мүшелері бірге немесе басқа адамдар арасында тарап орналасуы мүмкін.

Адамдар бірлестіктерінің кейбіреулерінің табиғи-тарихи жағдайда құрылуымен де ерекшеленуі. Адамдардың қауымдастығы шектеусіз де болуы мүмкін. Бұл жерде ондай қауымдастықтың мүшелерінің санасының жетуіне байланысты. Қауымдастықтың кейбір нақты жағдайларға байланысты өзіндік танымының болмауы. Кейбір жағдайларда «қауымдастық» терминінің адамдардың

белгілі бір қасиеті бойынша бірдейлігіне байланысты немесе басқа жағдайда адамдардың айырылмастай бірлігіне байланысты айтылуы. Адамдардың қауымдастығын олардың қоғамдық өмірінің белгілі бір саласы бойынша (мысалы, ортақ тілі) немесе бір кезде бірнеше бірлестікті қамтығанына (мысалы, тайпа, отбасы) байланысты бөлу. Мұндай қауымдастықтардың өмір сүруінің негізі олардың басты қасиеті болып саналатын бір мақсаттағы іс-әрекеттері. Адамдардың қоғамдық өмірі, олардың үзілмейтін іс-әрекеттері.

Этникалық және саяси-әлеуметтік қауымдастықтың қосындысында адамдардың бірігіп жұмыс істеуіне қолайлы жағдайдың жасалуы. Мұндай синтездің этникалық-әлеуметтік организмді құрауы. Осындай әлеуметтік-этникалық организм әлем халқының басты бөлігін қамтиды. Дегенмен де, этникалық топ болып саналатын этностардың кейбір бөліктерінің этникалық-әлеуметтік организмнің сыртында қалуы. Ал кейбір этностардың (мысалы, цыгандар) этноәлеуметтік организмнің мүлдем жоқтығы.

Барлық деңгейдегі этникалық тарамдардың – этностар мен этникалық-әлеуметтік организмдер тәрізді, өзінің айтарлықтай тұрақтылығымен ерекше көзге түсуі. Сөйте тұра, бұл қауымдасулардың бәріне тек сабақтастық қана емес, сонымен бірге уақыт аясында өзгеріске ұшырау қасиеттері.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. «Этнос мәдениеті» ұғымының басты компоненттері неде?
2. Этностардағы «біз» – «олар» қарама-қайшы ұғымы нені білдіреді?
3. Адамдардың бірлестіктері қандай жағдайда құрылады ?
4. Этнос пен этникалық-әлеуметтік организмдер арасындағы кеңістік және құрылымдық айырмашылықтардың басты белгілерін атаңыз.

1.5 Этностың синергетикалық концепциясы

• Этностың синергетикалық тұрғыдан өзін-өзі басқаруы.

Синергетика – күрделіліктің жоғарғы деңгейіндегі бірізділігі жоқ тепе-теңсіздік жүйесінде өзін-өзі басқару үрдісін зерттейтін ғылым. Этносты біркелкі емес синергетикалық жүйе ретінде қарастыру. Этникалық жүйенің бірізді емес ұғымы, оның ортақтастық, этникалық құрылымының икемділігі.

Этностың синергетикалық қағидасы негізінде тұрғындардың өзін-өзі ұйымдастыру келешегін бөліп қарастыру. Этностың синергетикалық жүйесі негізінде, этностың басқару перспективасын бөлу және өздерінің үйлесімді өмір сүру шарттарымен, т.б. сапалы басқару жүйелерін көрсету. Синергетикалық тұрғыдан этносты зерттеуді төмендегі бағыттар бойынша қарастыру:

1) этникалық тәжірибе феноменін зерттеу, оның пайда болуы мен дамуының психологиялық және әлеуметтік, яғни оның қалыптасуы мен дамуындағы психологиялық және әлеуметтік жағдайларды да ескеру;

2) этностардың өзін-өзі ұйымдастыру процесінің әлеуметтік тұжырымдарын талдау;

3) этностардың иерархиялық құрылымдарының жүйеленіп бөлінуі және олардың өзара ықпалдасуы.

Синергетикалық бағыттағы концепция негізінде ірі этностардың тарихи аренада бүтін жүйе немесе өзіндік үлкен топтар негізінде қарастыру.

Этностардың өзін-өзі басқару перспективасын айтқан кезде, біз ең алдымен, олардың іс-әрекеттер жиынтығын орындаудағы қабілеттілігін ғана емес, сонымен қатар олардың құрылу жүйесіне қолайлы жағдай туғызу қабілеттілігін де айтамыз. Егер ол жүйе сыртқы ортаның ықпалын бағалау негізінде өзінің қасиеттерін жүйелі түрде кейбір тұрақтылыққа ауыстыра алса және сыртқы әсердің ықпалын белгілі бір нормада ұстап тұра алса бұндай жүйе өзінен өзі құрылушы болып саналады.

Этносқа байланысты айтатын болсақ, жаңа тарихи жағдайларда ол өзінің қасиеттерін тек физикалық жүйеде емес, сонымен қатар мәдени жүйеде де өзгерістерге ұшырата алуы. Этностардың топтық белсенділігінің шамасымен ажыратылатынын ескеру. Біреулерге көздеген мақсатқа жетуге ұмтылушылық басым болса, басқаларға – импульсивтік іс-әрекет тән. Бір этностың өзін-өзі ұйымдастыруы тез болса, екіншісінде оның баяу болуы.

Этностың синергетикалық тұжырымдамасының басты қағидасы – тәртіп пен ұйымдасудың ретсіздіктен өзін-өзі ұйымдастыру үрдісі нәтижесінде лезде пайда болуының принципіалды мүмкіндік идеясы. Өзін-өзі басқарудың шешуші факторы болып жүйе мен ортаның қолайлы кері байланысының күрмегінің пайда болуы.

Осы жағдайда жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруды бастап, ортаның күйрету үрдісіне қарсы тұратындығы.

• **Этнос құрылымы жасалуының синергетикалық қағидалары.**

Синергетиканың қарапайымнан күрделі даму құрылымының жаңа принциптерін ашуы. Этнос дамуының өзіне тән мәдени табыстары мен көрші этностан қабылдап алған мәдени элементтердің өзара ықпалы арқылы жүзеге асуы. Мәдени байланыста кездейсоқтықтың үлкен маңызы бар, себебі этностың та, олардың кейбір өкілдерінің де өздерінің алдына басқалардың қол жеткен табыстарының тиімділерін қабылдап алуды үнемі мақсат етіп қоймауы. Жоғарыда көрсетілген үрдістердің этностың кездейсоқтық орын алған өзін-өзі ұйымдастыру үрдісі болып табылуы.

Этностың пайда болуынан ыдырауына дейін өзін-өзі басқарудың үздіксіз процесінің жүріп отыруы. Оның жұмыс істеу және даму процесі үздіксіз, ретсіздіктен тәртіпке және керісінше болуы. Сондықтан да жүйеліліктің, тұтастықтың, ретсіздік пен тәртіптің қарастырып отырған принциптерінің этносты жүйе ретінде және оның көрші этностармен мәдени байланысын зерттеуге қолданытындығы.

Синергетикалық дүниетанымның өз алдына бір феномен ретінде қабылдануы. Ғылыми зерттеу пәні болмаған нәрсеге (ретсіздікті, тәртіпті, қалыптасуды) ғылыми, тұрақты әдіспен жетуге ұмтылу арқылы ол орынды емес, құрылған әлемді рационалды түрде түсіндіруге ұмтылуы немесе дәлірек айтқанда, дұрыс қалыптаспаған әлемнің ретті моделін құруға тырысуы. Мысалы, этностың өзінің күнделікті дамуында тұрақтылықтан тұрақсыздыққа және керісінше үнемі қайта айналып отыруы. Этностың тұрақсыздық калпында жүйе ретінде тұрақтылыққа ұмтылу жолы бар, ал тұрақтылыққа оның тұрақсыздық калпына қайту мүмкіндігінің болуы. Шағын өзгерістердің этностың эволюциясының келешек бағытын айқындауы. Оның дамуындағы шағын өзгерістер түрінде, нәтижесінде халықтардың қол жеткен табыстарының алмасуы жүзеге асатын мәдени байланыстардың байқалуы. Этностың бірізділігі жоқ жүйе түрінде өзін-өзі ұйымдастыра бастауы. Бірақ этностың эволюциялық процесінің көрсетілген механизмі бар ретсіздік

керек – ол этностың мәдени байланысында қозғалыстың басталуына әкелетін кездейсоқтық. Бұл механизм этнос ішінде ғана емес, кейде ол сыртқы мәдени байланыс та болып табылуы.

Осылайша этностың синергетикалық концепциясы этностың ашық бірізділігі жоқ жүйесінің өзін-өзі ұйымдастыруындағы кездейсоқтық пен қажеттіліктің диалектикалық өзара байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Этногенездегі мәдени байланысты зерттеудегі синергетикалық тәсілдің жалпы ғылыми әдіс болып есептелуі және қоршаған ортаны диалектикалық тану әдісі болып табылатындығы.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Этностың синергетикалық тұрғыдан өзін-өзі басқаруын қандай ғалымдар зерттеді?
2. Этносты синергетикалық тұрғыдан зерттеу қандай бағыттар бойынша қарастырылады?
3. Этностың синергетикалық қағидасының негізі неде?
4. Этностың ашық бірізділігі жоқ жүйесінің басты шарттарын атаңыз.

2-тарау

ЭТНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ИНСТРУМЕНТАЛИСТІК, КОНСТРУКТИВИСТІК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТӘСІЛДЕР

2.1 Этникалық зерттеулердегі инструменталистік тәсіл

- **Инструментализмнің әдістемелік параметрлері.**

Этникалық зерттеулердің әдістемелік мәселелерінің отандық және еуропалық философия мен әлеуметтік ғылымда ондаған жылдар бойы талқылануы. Осылардың негізінде қалыптасқан зерттеулер парадигмасының теориялық сұрақтарының заңдылықтарын анықтауы. XX ғасырдың 70-жылдарының ортасында этникалықты батыс этнологиясында жаңаша баяндау кең тарап, осыған сәйкес саяси көшбасшылардың этникалық құрылым ретінде өз мақсаттарында пайдалануы. Этникалықтың осылайша түсіндірілуінің әдетте этносаралық қатынастардың саяси зерттеулеріне тән болғандығын, оның саяси антропология, билік социологиясы, саясаттану шеңберінде қалыптасуы. Мұндай мағынадағы этникалықтың саяси элитаның билік үшін күресінде бұқараны бір мақсатқа жұмылдыруындағы идеология ретінде түсіндірілуі.

Этникалық топ бір мүддеге байланысты біріккен қауым, этникалық таптық мүдделерге жететін, саяси күресте біріктіретін құрал (Н. Глезер, Д. Мойнихэн). Этникалық қоғам «мүдделестер тобы», «біріктіруші топ» (Р. Джексон). Этникалық топтың сақталуы – қазіргі қоғамдағы бұқаралық мәдениеттің, тұтынушылық құндылықтардың және прагматизмге тән шеттетуді жеңуге ұмтылған адам қажеттіліктері. Этникалық «әлеуметтік дүмпу» женудің түрі. Этникалық сана саяси күш ретінде (У. Коннор). Ұлтшылдықтың этномәдени және азаматтық түрлерінің түсініктері. Д. Дьюи (АҚШ) бойынша ұғымдар мен теориялар дегеніміз тек қана инструмент-

тер, құралдар, «жағдайдың кілті», әсерлердің «шикі материалдарындағы» іс-қимыл жоспарлары. Д. Дьюи мен оның ізбасарларының этностардың ішіндегі қоғамдық топтардың нақтылығын мойындамауы. Бұл орайда қоғамды, жеке адамды, жалпы мемлекетті абстракциялаумен айналысуы.

● **Этносты анықтаудың негізгі тәсілдері.**

Инструменталистік тәсілді жасаушылар қоғамдағы адам топтарының арасындағы айырмашылық әрбір топтың этникалық ұқсастықтарын қалыптастыруға негіз болатындығының анықталуы. Сонымен қатар саяси іс-әрекеттің бір бағытта этникалық топтарды жұмылдыруға және топаралық қатынастардың айырмашылығын анықтауға көмек беретіндігін байқатуы. Сондықтан этникалықты қалыптастыратын әлеуметтік терапия ретіндегі инструменталистік концепциялардың, көбінесе әлеуметтік-психологиялық теорияға негізделуі. Басқа сөзбен айтқанда, этносқа байланысты шартты белгілердің нақты жиынтығының сақталуы. Бұл белгілердің, сирек болса да, қолдануда өзіндік ұқсастығын, осы этносқа жататындығын көрсетуі. Кішігірім көрініс ретінде «мен осындай ұлттан немесе этностанмын» деп айту өз атауын сақтағандығының белгісі. Сондықтан, этнос басқа қауымдардан өздерінің айырмашылығын сезінетін адамдардың мәдени қауымдастығын көрсетеді. Этностың күрделі құрылым ретінде сипатталуы. Олардың әрқайсысының басқа да құрылымдармен ортақ қасиеттерге ие болып, барлығынан немесе көбісінен өзіндік ерекшеліктері бойынша бөлінуі.

Этникалық бірлестіктердегі өзара өзгешеленудің маңызды типологиялық мағынаға ие болуы. Этностардың салыстырмалы категория ретінде көрінуі. Бұл салыстырудың негізінде этностың – халықтардың объективтік қасиеттері ретінде қабылданауы.

Инструменталистік теорияның елеулі қасиеттері – функционализм мен прагматизмге сүйенуінде. Инструментализмнің жақтаушыларының функционализмнің қағидаларына сүйене отырып, этникалықты этникалық мифтердің жемісі ретінде қарауы. Белгілі мақсаттарға қол жеткізу үшін оның қоғам элитасын қалыптастыруы. Сонымен бірге этникалық түсінік этностық топтардың немесе бірлестіктердің өзіндік қасиеттерге ие болатындығын анықтайтын категория ретінде көрінуі. Этникалық топ қарама-қайшылықты ортада өзіндік ерекше мәдени белгілері бар этнос және кең әлеуметтік-мәдени ортаның бір бөлігі ретінде анықталатын ұғым. Этникалық топтардың өзіндік мәдени ерекшеліктері, құндылық-

тары және қызметтерінің осы мақсаттарға жету үшін қолданылатын элита құралы болып табылуы. Этникалық топтың теңдік, әділеттік және адамгершілік идеяларға қол жеткізу үшін элитаны осы мақсаттарда қолдап, оның орындалуына жұмылуы.

Бұл бағыттағы этникалықтың барлық концепцияларының жекелік немесе топтың қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыруын, оның мүдделерінің орындалуын, мақсаттарына жетуін көздеуі.

Этникалықтың өмір сүруі өте күшті жағдайға жету амалы ретінде түсіндірілгендіктен, оның пайдалы категориялар қатарында болуы. Примордиалистік тәсілге қарағанда инструменталистік тәсілдің этникалықтың объективті негізін іздестіруге емес (инструментализм этносты факт, шындық ретінде қабылдайды), қауымдастық пен этностың орындайтын функцияға бағытталуы.

Сондықтан этностар мен этностық, жекелік пен топ қажеттілігін қандай жолмен қолданатынын көрсете отырып, олардың мақсаттары мен мүдделерін анықтауы. Инструментализм этностың өмір сүруінің қандай да бір объективті негізі бар ма деген сауалмен айналыспауы. Инструментализмнің негізгі қағидасы: егер этнос пен этникалық бар болса, онда олар белгілі мақсаттар мен концепцияларға, адамның нақты қызығушылықтарына қызмет етіп, олардың қоғамдағы өмірін жеңілдетуі.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Этникалық зерттеулердің әдістемелік мәселелері отандық және еуропалық философия мен әлеуметтік ғылымдарында талқылануы.
2. Этникалық топ, этникалық қоғам, этникалық сана түсініктері.
3. Этникалықты қалыптастыратын әлеуметтік терапия ретіндегі инструменталистік концепциялар.
4. Инструменталистік теорияның елеулі қасиеттерін атаңыз.

2.2 Этникалық құрылымды зерттеудегі конструктивистік тәсіл

• Конструктивизмнің негізгі теориясы.

Б. Андерсон, Р. Бурдые, Э Геллнер, Э. Хобсбаумдардың этносқа байланысты конструктивистік (генетикалық) зерттеулері. Осы теория шеңберіндегі дәлелденбейтін бастауларды және этносқа байланысты анықталмайтын терминдерді ең аз мөлшерлерге ғана

келтіріп қоймай, сондай-ақ олардың мазмұны түрде негізделуіне арнайы қамқорлық жасауы. Конструктивистік теорияның атқаратын басты міндеті – формальды жүйедегі қарастырылатын этностар мен олар жайындағы тұжырымдарды (қолдағы бар құралдар негізінде реальды түрде іске асыру мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып) конструкциялау. Теориялық бастапқы объектілердің берілуі және жаңалардың жасалуы арнайы операциялық (конструктивтік) ережелер мен анықтамалардың көмегі арқылы іске асуы.

«Ұлт – мемлекет» тұжырымдамасы. Ұлттар және ұлтшылдық ол «белгісіз қауымдастық» ретінде (Б. Андерсон). Ұлтшылдық саяси қауымдастықтың тұжырымдаудан аластау механизмі ретінде. «Этникалық үрдістер» категориясының «Этникалық үрдістік» категориясына ауысуы. Ұлттық билік пен білімнің әлеуметтік қатынастар ретінде қабылдау. Ұлт – семантикалық-теңеулік категориясы ретінде.

«Этностардың бірігу» теориясы. Этникалық бірлестік әлеуметтік өзара байланыс нәтижесі ретінде. Э. Эриксонның ұқсастық тұжырымдамасы: ұқсастық қоғам мен тұлға арасындағы өзара байланыс нәтижесі. Этнос – белгілі бір топтың және тұлғаның мәдени дәстүрге енген ұқсастық формасы.

Конструктивизмнің көрнекті өкілдерінің бірі Кембридж университетінің профессоры, әлеуметтік антропология саласындағы алдыңғы маман Э. Геллнер. Әрбір болжамды баяндауда алдымен ондағы негізгі түсініктерді автордың түсіндірумен басталуы. Э. Геллнер өзінің кітабын «Ұлтшылдық» түсінігін анықтаудан бастап: «Бұл ең алдымен саяси принцип, онда саяси және ұлттық бірліктер сәйкестендіріліп, ал басқарылатын және басқаратындар бір этностан болуы керек», оның осының негізінде әрі қарай өзінің құрылымдарын жүзеге асыруы. Э. Геллнер теориясы бойынша ұлт пен мемлекет бір-біріне лайық болуы тиіс, олар бір-бірінен толық емес, олардың сәйкеспеуінің трагедияға айналуы. Этнос идеалды құрылым ретінде. «Этнос», «ұлт» түсініктерінің теориялық, идеологиялық және саяси-құқықтық ұғымда қолданылуы туралы пікірталастар.

В.Тишковтың этникалықты зерттеудегі конструктивистік тәсілі бойынша этникалық айырмашылықтарды сезіну үшін сана мен тіл негізгі белгілер болғандықтан оларға ерекше көңіл бөлінуі. Сөз

мәтіндері арқылы этникалық ерекшеліктердің үздіксіз және негізгілігін анықтаудағы тарихи қайта өңдеу жүргізіледі. Отандық тарихнама, археология, этнографияның көптеген айқындауларында өткеннің бүгінге редукциясы, тарихи процестің «гомогендігі» және «тұрақтылық» түсініктеріне негізделген бүгінгінің өткенге проекциясы. Көптеген қазіргі таңдағы саяси мәселелерді шешуде өткен тарихтың қор ретінде пайдаланылуы.

В. Тишковтың пікірі бойынша ұлтшылдық адамның туа біткен қасиеті емес. Мемлекеттік саяси ерік пен және білімділердің күші арқасында ұлттардың пайда болуы. Ұлт – ол топ ішіндегі дефиниция, оған қатаң ғылыми немесе конституциялық ереже беру мүмкін емес, бірақ екі түсінікте саяси тіл мен нормативті-құқықтық мәтіндерде белсенді түрде қолданылуы.

Әлеуметтік қайта жаңғыру мен радикалды реформалар жағдайындағы қоғамдық процестердің неғұрлым манифест түріндегі этникалық маңызға ие болуы. Посткоммунистік елдердегі этносааралық мәселелері, халықтың көп ұлттылық құрамымен мемлекеттің қызмет етуінің қиындауы әрі күрделі шешімдер болып келуі. Бастан өткен дағдарыстарға қарамастан саясат пен ғылымда бұрынғы қоғамтану мен импровизациялық әрекеттердің догмалық құрылымдарға ие болуы. Көп ұлтты қауымдарды басқаруда мемлекеттік тәжірибенің аздық етіп, ал әлемдік тәжірибеде аз қолданылуы.

В. Тишков этникалық, ұлтшылдық және мемлекет феноменін қарастырып, мынадай қорытындылар жасаған:

1. Қазіргі ғылымда позитивистік тәсілдерге қарағанда интеллектуалдың құрылым ретіндегі этникалыққа көзқарас басым: яғни әртүрлі мәдени айырмашылықтар негізінде ұлттық тиістілікті сезіну және мифтер контекстінде ерекшелену, әсіресе қоғамдағы жалпы сауаттылық, саясаткерлер мен интеллигенцияның бағдарланған күшінің нәтижесі түріндегі түсініктер мен доктриналар.

2. Этникалық қауым түсінігіндегі халық – байыпты сезіміне ие және өзін ерекше территориямен біріктіретін, ортақ шығу тегі туралы миф пен ортақ тарихи естелігі бар, мүшелері ортақ атау мен мәдениет элементтерін бөлісетін адамдар тобы. Қазіргі өмірде этникалық қоғам өте маңызды рөл атқарады, бірақ этникалық уақыттан тыс өлшем емес, ол әлеуметтік топтар арасындағы үстемдік қатынастармен қатар қазіргі жағдайларды бейнелейді.

3. Ұлттық тиістілік – іштей таңдаудың, әлеуметтенудің және тәрбиенің нәтижесі емес, ол адамның туа біткен сипаттамасы. Сонымен қатар ұлт – топ ішіндегі дефиниция, оған қатаң ғылыми немесе конституционды ереже беру мүмкін емес. Бұрынғы «социалистік ұлттар», негізінен, кеңестік кезеңнің ресми идеологиясы мен саяси еріктің, интеллектуалдардың күшінің нәтижесі.

4. Ұлт – этникалық қоғамның типі түріндегі деген кеңестік түсінікке қарағанда әлемдік ғылым мен тәжірибеде ол ортақ азаматтық ретінде түсіндіріледі. Яғни халықтың этникалық, діни және нәсілдік құрамы бойынша күрделі, азаматтық, мемлекеттікпен және бір территорияға біріккен. Бірақ этникалық топтардың біреуі өз мемлекетіне, билік пен ресурстарға үміткер болған мемлекеттерде ғана ұлттар мен ұлттық өзін таңдау сақталуы. Дискриминацияланған этникалық және аз топтардың өкілдері осы доктринаны қолдануы.

5. Этно-ұлттық мемлекеттің доктринасын халық құрамы бойынша күрделі қоғамдарда жүргізу қиынға соғады. Себебі оны жүзеге асыру адам құқықтарын бұзуға, этникалық қақтығыстарға, халықтың жаппай көшуіне алып келеді. Бірақ бұл саяси мақсаттарға жетудегі адамдардың ұжымдық керемет тәсілі. Осы доктринаға Ресейдің орыс емес ұлттарының көптеген қарапайым адамдары мен саясаткерлері сенеді және олардың орыс ұлттық патриоттары арасында жақтаушылары бар.

6. Жаңа мемлекеттерге, оның ішінде Ресей Федерациясына да легитимді және бейбіт қоғам құру, ішкі қақтығыстардан қашу және бөліну үшін жаңа ұлттық ережелер іздеуі керек. Ол саяси-мәдени плюрализм мен мемлекет құруда жалпы азаматтық принциптерге ауысуып, этникалық ұлтшылдық доктринасынан тыс болуы керек.

• **Этникалық зерттеу әдістемесіндегі конструктивистік тәсіл сипаттамасы.**

Этникалықтың конструктивистік (постмодернистік) бейнесі дегеніміз:

а) жылдам жинақталып келе жатқан ұлттың отандастық сияқты феномені;

б) этникалықтан ұлттық идентификацияның басым болуы, нақтырақ айтқанда этникалық өзін танудың ұлттық шығу тегінің аз немесе көбірек алға басу процесіне ауысуы;

в) қалалық мекен ету ортасы;

г) этникалықтың қызмет етуінің және тұрмыс түрінің жекелік, атомарлы тәсілі;

д) этникалықтың бұрынғы дәстүрлі жұрнақтарының болуы (кейде мифологиялық формаларда), көбінесе жаңа социум ұлтқа әлі сіңіп үлгермеген (немесе белгілі себептерге байланысты кіргісі келмейтіндер), өзінің этносынан айырылған мигранттарға тән.

Конструктивистік тәсіл бойынша этностық түсінік этникалық мәдениет дифференциасы негізінде туындаған және оның аясында қалыптасқан – ғалымдар, саясаткерлер, жазушылардың интеллектуалды құрылымы болып табылуы.

Норвегия этнологы Фредерик Барт – этностың конструктивистік концепциясын әлемдік деңгейде айқындаған бірден-бір ғалым. Ол – этностың түрлі рәміздік ерекшеліктерімен құрылатын бір мезеттік феномен, әлеуметтік ұқсастықтың кең категориясы ретінде анықталады және этникалық категориялар арасындағы шекараның келісімшарт сипатын атап көрсетеді.

Этностықты анықтау үшін соңғы шешімді этнос мәдениеті емес, мәдени сипаттамалардың анықтауы.

Этностың конструктивизм тәсілінде ерекше мәдени белгілері бар және өзге қоғаммен мәдени байланыста болатын адамдар қауымдастығы ретінде түсіндірілуі. Этнос пен этностық басқа концепциялармен салыстырғанда бұл тұжырымдаманың концепциясының негізгі ерекше белгілері – жаңа белгілер ұғымы анықтамасына толықтырулар енгізу емес, «бұл белгілер туралы көрсетілім» элементтерінің кез келген тізіміне негіздеу. Сонымен этникалық қауымдастықтың белгілері ортақ шығу тегімен байланысты емес, қауымдастықтың жалпы ортақ тарихи тағдырына, мифке, сондай-ақ шектелген мәдени ортаға байланыстылығы.

Мұндай түсініктегі этникалықтық – жаратылыс және табиғи байланыстарға негізделген қауымдастықтың әлеуметтік құрылымының ой-елесі үрдісіндегі мәдениеттің дара түрі және шығу тектілігі жөніндегі миф немесе идея ретінде анықталуы.

Этникалық топтың немесе этностың пайда болуы және этностықтың шығу ошағы ретінде «шекара» категориясы. Мұның мазмұны өте кең, яғни этникалық идентификация ішкі сайлаудың нәтижесі болса, онда бұл жалпы таңдау емес әлеуметтік белсенді-тұрғындар бөлігінің тек келісім варианты деп есептелуі.

Қазіргі этнология постмодернизм философияға негізделе отырып, этностықтың ағымын, өзгертілу шексіздігін дамытуы. Қазіргі кезде этнос ұғымына кең түрде анықтама берілген, яғни этнос дегеніміз – жалпы ортақ атауы бар, мәдениеті ортақ ұжымдық тарихи этникалық қалыптасуы туралы мифтік аңыз-әнгімелері бар, ынтымақтастық сезімі жоғары және белгілі бір анықталған территориясы бар топты атауы. Әйтсе де, субъективті тұстары да бар: ұжымдық сана, мифология, ойша елестету. Назар аударарлық жайт: этнос мәселесіне берілген жоғарыдағы тұжырымдарға соңғы нүкте қоюға болмайды. Сондықтан алдағы уақыттарда біз оның ең маңызды аспектілерін интеграциялаймыз және этностықтың когерентті теориясын құрамыз. Көптеген этнологтардың ойынша конструктивистік бағыт осындай синтездің негізгі ошағы болып қалыптасуы мүмкін. Оның маңызды аспектілері: біріншіден, тарихи контекске үлкен мән беріледі. Бұл теорияның барысында аталған феноменді түрлі қырларынан тану; екіншіден, конструктивистік тәсілдің барлық теориясы этникалық ұқсастықтың қалыптасуындағы туыстықтың рөлі бірдей көрсетілуі.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Б. Андерсонның «ұлт – мемлекет» тұжырымдамасы.
2. Э. Геллнердің "Ұлттар және ұлтшылдық" кітабының басты идеясы.
3. В.А. Тишковтың этникалық, ұлтшылдық және мемлекет феноменін жана тұрғыдан қарастыруы.
4. Этникалықтың конструктивистік образы.

2.3 Этностың ақпараттық концепциясы

• Этностың ақпараттық концепциясының мәнісі.

Әлемдік этнологияда этникалықтың инструменталистік тәсіліне Н.Н. Чебоксаров пен С.А. Арутюновтың қосқан этностың ақпараттық концепциясы. Олардың барлық этникалық қауымдардың өмір сүруін, құрылысын байланыстар немесе ақпарат түсінігі шеңбері негізінде сипаттауы. Ақпараттық байланыстардың әртүрлі қатынас формалары түрінде болуы. Ақпараттың түрлі жолдар арқылы (тілдік қатынас көмегімен көрсету, еліктеу) берілуі. Аталмыш түсінікке халықтың мәдени дәстүрі, оның шығармашылық

мұрасының да кіруі. Ақпараттық үлгінің қазіргі этникалық көрінісін, этносты экономикалық және саяси мақсаттарға жету құралы ғана емес, сонымен қатар адамдардың негізгі қажеттіліктерін белгілі психологиялық тұрақтылықпен қанағаттандыру тәсілі ретінде де көрсетуі. Зерттеушілер түпкі этникалық құндылықтарға бет бұру – адам психикасының қиындыққа, тұлғасыздыққа, күйгелектікке және қазіргі өмірдің тұрақсыздығына қорғаныш реакциясы ретінде қарастыруы. Олардың пікірінше этнос – ақпараттық сүзгі қызметін де атқарады. Осыдан қазіргі замандағы тұрақты өмірлік құндылықтардың психологиялық мұқтаждықтарын ұлғайтуға байланысты қажеттілік туындайды. Бұл қажеттіліктің адамның түр ретінде қазіргіге қарағанда басқа ақпараттық жағдайда қалыптасқандығымен түсіндірілуі.

Адамдардың әлемді бейнелеудің, рәміздердің және түсініктердің үздіксіз күй ретінде қабылдауы. Сыртқы ортадан барлық ақпарат рәміздер мен түсініктерден тұратын сурет арқылы өтеді. Себебі ол біздің санамызда қатаң түрде сақталған. Осындай әлем суретінің жүйесі өзі қарастырған ақпаратты ғана өткізеді. Біз кейбір жағдайда түсінігі және сәйкес термині жоқ ақпаратты байқаймыз. Қалған барлық үздіксіз ақпараттар әлем суретімен жүйеленеді: маңыздылары теріліп, басқалары байқаусыз қалады. Әлем суретінің негізін этникалық құндылықтардың құрауы. Сондықтан ақпараттың маңызының этникалық позиция жағынан бағалануы. Міне, осылай, этникалық ақпараттық сүзгінің рөлін атқарып, адамның белгілі өмірлік жағдайға деген тілегі және мүмкін реакцияның жиынтығын азайтуы. Сондықтан әрбір жеке тұлғаның ақпаратты өңдеу мен елестету мүмкіндігінің шектеуі бар уақытта адамзаттың этномәдени әртүрлілігінің объективті негіздері сақталады. Этностың әлеуметтік нормативті ақпаратты тұрақтандыру қызметі (тұлғаның ақпараттық мүмкіншіліктерін шектеуге негізделген) этносты қазіргі қоғамның әлеуметтік мәдениетінің маңызды элементі.

• Синхрондық ақпарат.

Аталған этнос концепциясына байланысты Н.Н. Чебоксаров пен С.А. Арутюновтың талдаулары. Олардың барлық этникалықтың механизімін коммуникациялық және ақпараттық формаларымен бейнеленетін байланыс негізінде суреттеуі. Адамдар

арасындағы өзара байланыста ақпараттық алмасудың болуы. Ал ақпараттың түрлі формада – сөз, көрсету, еліктеу арқылы берілуі. «Ақпараттық» ұғымына халықтың мәдени дәстүрлерінің, оның шығармашылық мұраларының кіруі.

Синхрондық ақпараттың бүгінгі күндегі этносты түсіндіруде өте қолайлы болып табылуы. Оның этносқа тек экономикалық және саяси мақсаттардағы қол жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі психологиялық тұрақтылықтағы, іргелі қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілі ретінде қарауға мүмкіндік беруі. Зерттеушілердің қазіргі өмірдің күрделілігі адам психикасында қорғаныс реакциясы – терең этникалық құндылықтарға үлкен мән беру керектігін мойындауы. Этностың мұнда ақпараттық фильтр ролінде болуы. Қазіргі өмірдің ерекшелігі – тұрақты өмірлік құндылықтардың қажеттілігінен туындауы.

Бұл қажеттіліктің өзге ақпараттық жағдайларда белгілі бір түрді иеленіп, қалыптасуымен түсіндірілуі. Бүкіл тарихи ағымда адам әлеуметтік-маңызды ақпаратты нақты анықталған топ құрамы бойынша алып тұрды. Құрамның тұрақтылығы, атадан мұра етіп алу арқылы әлемнің жалпы көрінісін, құндылықтарын, тәртіп ережелерін, өмірдің мәні туралы жағдайды қамтуы. Адамға жеткен мұндай әлеуметтік ақпараттың біркелкі, айналмалы сипат алуы. Қазіргі қоғамда адамдардың бір-бірімен тығыз байланыста емес, сондай-ақ бір-біріне қақтығыс жағдайындағы, өзара келіспейтін орталарда жиі болуы. Сондықтан қарастырылып отырған психологиялық механизмның жаңа ақпараттық жағдайларға сәйкес келмеуі.

• **Диахрондық (ұрпақаралық) ақпарат.**

Адамзаттың өзінің морфологиялық тұрақтылығын өз ішінде генетикалық ақпараттарды жеткізу арқылы бірқалыпты тұруы. Этносты анықтайтын ақпараттың түрлі жолдармен берілуі. Адамдарға, әсіресе, тілдік байланыстың ауызша ақпарат арқылы сөзбе-сөз жеткізілудің ерекше маңыздылығы. Жазбаша ақпараттың маңызы. Еліктеушілік жолмен берілетін ақпараттардың да, аз болса да өзіндік ерекшелігі мен пайдасы.

Диахронды және вертикальды ақпараттың ұрпақтан-ұрпаққа сөзбен (ауызша немесе жазбаша-әдеби), сондай-ақ материалды-көркем түрде берілуі. Бұл диахронды ақпараттарды бір-бірін

алмастыруы, этникалық дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа этникалық дәстүрлерді ғасырдан-ғасырға жеткізіліп отыруын қамтамасыз етуі. Диахронды ағым туралы мынадай тұжырым жасауға болады: ақпараттар ағымының белсенділігін күшейтеді. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени-даму көрсеткіштердің көпшілігі: ауызша (фольклор) дәстүрдің жалпы көлемі, жазба әдеби ескерткіштердің жиынтығы, бұл жазба және ауызша естеліктермен елдің танысуы, сауаттылықтың кең тарауы; дамыған қоғамда – пошта, корреспонденция көлемі, оның ағым бағыттары, тираж және таралымы, т.б.

Этникалық қауымдастықтың барлық категориялары ақпараттық байланысқа негізделген қауым. Сонымен қатар ақпараттық байланысқа этникалық және этноконфессионалдық қауымдастықтардың негізделуі.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Этностың ақпараттық концепциясы қалай дәлелденді?
2. Синхрондық ақпарат қай салада қолданылады?
3. Диахронды ағым туралы қандай тұжырым жасауға болады?

3-тарау

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Қазақстан жеріндегі көне этникалық процестер

• Ежелгі Қазақстан жеріндегі этникалық процестер.

Қола дәуіріндегі тайпалардың этногенетикалық сипаты. Андроновтардың мәдени-этникалық қауымдастығы. Андроновтардың шығу тегі мен қоныстануы мәселелері. Андроновтардың антропологиялық келбеті. Андроновтардың материалдық және рухани мәдениеті. Шаруашылығы мен тұрмысы. Беғазы-Дәндібай мәдениеті және олардың тайпалары. Рухани және материалдық мәдениеті. Басқа мәдениеттермен тарихи сабақтастығы.

Қазақ этногенезіндегі сақ дәуірі. Сақтар мен скифтер. Сақтардың таралуы және жекелеген топтарының аумағы. Сақтардың тілін зерттеудегі мәселелер. Сақтар мен андроновтардың арасындағы генетикалық, мәдени сабақтастық. Сақтардың антропологиялық түрі. Массажеттер. Олардың дая, даха, исседон, аримаспалармен байланыстары. Елді мекендері, тұрақтары мен тұрғын үйлері. Тамақтары мен киімдері. Сақтардың өнері. Аңдық стилінің кезеңдері мен ерекшелігі. Бесшатыр, Бесоба, Берел және Шіліктідегі сақ қорғандарындағы археологиялық табыстар. Есік қорғанынан табылған Алтын адам. Мәдениеті, діни наным-сенімдері. Ақын және философ Анахарсис (б.з.б. 638-559 жылдар).

Қазақ этногенезіндегі үйсін дәуірі. Үйсіндердің шығуы және олардың географиялық орналасуы. Этникалық, тілдік, антропологиялық сипаттама жөніндегі мәселелер. Үйсіндер мемлекеті туралы қытай деректері. Әлеуметтік-саяси тарихы. Үйсіндердің көрші

мемлекеттермен және халықтармен өзара қарым-қатынасы. Тұрмысы мен шаруашылығы. Материалдық және рухани мәдениет ескерткіштері. Ежелгі үйсіндердің діни наным-сенімдері, аңыздары.

Қазақ этногенезіндегі ғұн дәуірі. Қытайдың, римліктердің, және шығыс елдерінің ғұндар туралы деректері. Ғұндардың этногенезі және территориясы. Этникалық, тілдік, антропологиялық сипаттама жөніндегі мәселелер. Туман мен Мөде тұсындағы ғұндар мемлекеті. «Хунну» сөзінің этимологиясы. Әлеуметтік-саяси тарихы. Шаруашылығы. Материалдық және рухани мәдениеті. Қолданбалы өнер және үй шаруашылығы. Діни наным-сенімдері.

Қазақ этногенезіндегі қаңлы дәуірі. Шығыс деректеріндегі және ежелгі түркі руна жазбаларындағы қаңлылардың тарихы. Қаңлылардың шығуы мен географиялық орналасуы. Отандық және шетелдік тарихнамадағы қаңлылардың тілдік, этникалық, антропологиялық сипаттама мәселелері. «Қаңлы» сөзінің этнонимі. Әлеуметтік және қоғамдық құрылымы. Саяси тарихы. Шаруашылығы. Тұрақтары мен тұрғын үйлері. Киімдері мен әшекей бұйымдары. Өнері және қол өнері. Мәдениеті, діни наным-сенімі.

•Ортағасырлардағы Қазақстан жеріндегі этникалық процестер.

Қазақ этногенезіндегі түркі дәуірі. Ежелгі түркілердің этникалық тарихы жөніндегі жалпы концепция. Түркілердің этногенезді және глотогенезді ежелгі орталықтары. VI-IX ғасырлардағы ежелгі түркі империясының дәуірі. Ежелгі түркі, Батыс түркі, Түркеш және Шығыс түркі қағанаттары. Батыс түркі қағанатының құрамына үлкен аумақтың – Жоңғария мен Алтайдан Жетісуға және Қаратаудың шығыс сілемдеріне дейінгі өңірлердің кіруі. Этникалық үрдістер – бірігу және бөліну. Негізгі түркі тайпаларының қоныстану аумақтары. Этникалық, тілдік, антропологиялық сипаттама жөніндегі мәселелер.

VIII ғасырдың екінші жартысында Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан қарлұқтардың ықпал еткен аймағына айналуы. Қарлұқтар және олардың этникалық, тайпалық құрылымы, қоныстануы. X ғасырда қарлұқтардың осы аймақта саяси билігінен айырылып, қарахандықтардың этносаяси бірлестігінің құрамына кіруі.

IX-X ғасырларда Қазақстанның оғыздардың қоныстану мекеніне айналуы. Олардың Батыс Жетісу жерінен жылжып, Сырдарияның орталық бөлігін, Арал маңынан әрі қарай бүкіл Солтүстік Каспий маңы, Орал, Ырғыз және барлық Орталық және Батыс Қазақстанға дейінгі аймақты жаулап алуы. Оғыздардың қоныстануы, этникалық құрамы. Арабтардың Орталық Азияға шапқыншылығы.

Қазақтардың этникалық тарихындағы керейттердің, наймандардың және жалайырлардың алатын орны. Ортағасырлардағы керейттердің, наймандардың және жалайырлардың шығуы туралы ғылыми пікірталастар. Қоныстануы, қоғамдық және әлеуметтік құрамы. Олардың басқа түркі тайпаларымен өзара қарым-қатынасы. Шығыс Қазақстан және Жетісудағы керейттер, наймандар мен жалайырлар.

Қазақ этногенезіндегі қимақ, қыпшақ және басқа этностардың орны. Қимақтар. Қоныстануы және этникалық құрамы. Қыпшақтардың этногенезі. Этникалық шығуына байланысты тоғыз-оғыз арасынан шыққан сеяньто тайпасының Орталық Азия аумағынан жылжып келген қыпшақ конфедерациясына тайпалық үстемдік көрсетуі. XI ғасырда қыпшақтардың Ертіс жағалауынан Қазақ даласына тарауы. Олардың XII ғасырда үлкен деңгейдегі тайпалар сияқты барлық Евразияның аридтік аймағын, Батыс Моңғолияның Орта тау даласынан, Дунай мен Қырымға дейінгі өңірлерді мекендеуі. Осы уақыттан бастап қыпшақтар мекендейтін территорияның шығыс деректерінде Дешті-Қыпшақ, ал орыс жазбаларында Половец алаңы деп атиды. Қыпшақтардың оңтүстік-сібірлік антропологиялық түрге және моңғолоидтық нәсілдік белгілерге ие болуы. Қыпшақтардың қоныстануы және этникалық құрамы. Қазақ этногенезіндегі қыпшақтардың орны. Олардың тілі, шаруашылығы, мәдениеті. Қазақ пен қыпшақтардың ұқсастығы.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Қазақ этногенезіндегі сақ дәуірінің ерекшелігі.
2. Ғұндардың этногенезіне байланысты тарихи деректер мен әдебиеттер.
3. Ежелгі түркілердің этникалық тарихы жөніндегі жалпы концепция.
4. Қазақ және басқа түркі тектес халықтардың этногенезіндегі қыпшақтардың орны.

3.2 Қазақ халқының қалыптасуындағы өзекті мәселелер

● Қазақ халқы этногенезінің тарихнамасы.

Этногенездік және этникалық процестердің мәселесі. Этногенетикалық зерттеулердің жалпы тарихи аспектілері. Ежелгі Қазақстан территориясындағы этникалық және этногенездік процестердің зерттелуі. Археологиялық, этнологиялық, антропологиялық және басқа да тарихи жазба деректер.

А.Н. Харузин, В.В. Радлов, Л. Мейер, М. Красовский, Н.А. Аристов, А.И. Левшин, А. Вамбери, Ш.Ш. Уәлихановтың қазақ халқының этногенезі туралы еңбектері. М. Тынышбаев, С.А. Асфендияров, А. Чулошниковтың зерттеулері. XX ғасырдың 50-жылдарындағы Орта Азиядағы халықтардың қалыптасу мәселелері туралы А.Н. Бернштам, С.П. Толстовтың және т.б. ғылыми көзқарастары. М.Б. Ақынжанов, В.Ф. Шахматов, Х.М. Әділгереев, т.б. еңбектері. С.А. Аманжолов, Г. Айдаров, С.К. Ибрагимов, Ю.А. Зуев және т.б. қазақ халқының этногенездік мәселелерін тіл, фольклор саласымен зерттеуі. М.С. Мұқанов, В.В. Востров, Х.А. Арғынбаев, Р.Б. Сүлейменов, О.И. Смағұлов, Б.Е. Көмеков, К.А. Пищулина, Н.Э. Масанов және т.б. зерттеулеріндегі қазақ халқының этногенезі.

● Қазақ халқының этногенезіндегі соңғы кезең.

Жалпытүркілік, содан кейін қыпшақ тілді және аралас еуропеоидтік-моңғолоидтық антропологиялық типтің қалыптасуы. XIII ғасырдың басындағы Қазақстан жерін монғолдардың жаулап алуы. Қазақстандағы Шыңғыс хан ұлдарының үстемдігі. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Шағатай ұлысының, қалған аймақтардың Жошы ұлысының құрамына енуі. Осы кезеңдегі Қазақстан жеріндегі тайпалардың және тайпалық бірлестіктердің этникалық генесуінің бәсеңдеуі.

Моңғолдар жаулап алған кезеңнен кейінгі көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшы халықтардың этникалық консолидациясы. Халықтың аумақтық орналасуындағы, рулық-тайпалық құрамындағы өзгерістер. Қазақстан аумағында кейіннен Жошы ұлысының негізінде пайда болған этносаяси бірлестіктер: Көк Орда (Орда Ежен ұлысы), Ақ Орда немесе Алтын Орда (Бату хан

ұлысы) және Шайбани ұлысы (шайбанидтер). Шағатай ұлысының өз кезегінде екіге бөлінуі: Орта Азияның батыс бөлігі мен Жетісудің шығыс аймағы (Моғолстан). Көк Орда мен Шайбани ұлысында XIV ғасырдың ортасында тарихи деректемелерде «өзбек» атауының қалыптасуы. Көшпелі өзбектердің (Әбілхайыр хандығының) өз құрамына Шығыс Дешті Қыпшақ жеріндегі түркілер мен орасан зор түркі тілдес тайпаларды қосып алуы. Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтарына ортақ 92 көшпелі «өзбек» тайпалары мен рулары. Дәл осы уақытта Батыс Қазақстан жерінде ірі Маңғыт жұрты бірлестігінің қалыптасуы.

Тарихнамалық зерттеулерде баяндалатындай, XV-XVI ғасырлардағы Жошы ұрпақтары – Керей мен Жәнібектің көшіп кетуіне байланысты Қазақ хандығының құрылуы. Олардың басқа Шығыс ұрпақтарымен (негізінен алғанда Шайбани ұрпақтарымен) бұрынғы Жошы ұлысының мұраға қалған жерлерінде билік жүргізу құқығы жолындағы тайталастығы. Қазақ хандығының Жетісуда құрылу уақыты туралы ғылыми пікірталас. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының алғышарттары. XV ғасырдың 30-50-жылдарындағы Моғолстан мен Өзбек ұлысындағы саяси жағдай. Алғашқы қазақ билеушілері және Мұхаммед Шайбани хан. Қасым хан тұсында хандықтың өрлеуі және жер аумағының кеңеюі. XVI ғасырдың басындағы қазақ мемлекеті билеушілерінің Мауараннахрдың өзбек хандарымен өзара қарым-қатынастары.

• Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы.

Қазақ халқының бірігуінің әлеуметтік-саяси алғышарттары. XIV-XV ғасырлардағы түрлі түркітілдес және моңғолтілдес этникалық топтардан қазақ халқының қалыптасу үрдісінің аяқталуы. Түрлі этникалық топтардың қазақ халқының мәденигенездік, лингвогенездік және антропогенездік қалыптасу процестеріне қосқан үлесі. Этноанықтаушы белгілерді көрсететін этногенетикалық үрдіс компоненттерінің негізгі құрамы.

XIV-XV ғасырларда өзбек атауының этноним ретінде емес, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының жергілікті түркі және сіңісіп кеткен моңғол тайпаларын көрсететін жиынтық, саяси атау ретінде қолдануы. Нәтижесінде өзбек деген атаудың орнына қыпшақ, өзбек, өзбек-қазақ, қазақ деген жиынтық этносаяси терминдердің ауысуы арқылы қазақ деген этникалық атаудың анықталуы және

орнығуы. Мұхаммед Шайбани ханның Мауараннахрды жаулап алуына және Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының бір бөлігінің сонда кетуіне байланысты Қазақстан территориясындағы көшпенділердің қазақ этнонимімен белгіленуі. Содан кейінгі уақытта Қазақ хандығындағы қазақ атауы сол кездегі барлық көшпенділерге ортақ атау болуы.

Қазақ халқының құрылуы этникалық-әлеуметтік организмдер ретінде халықтар қалыптасуының жалпы заңдылықтары негізінде, таптық, феодалдық қатынастардың қалыптасуымен және нығаюымен, аумағының, тілінің, материалдық және рухани мәдениеті ортақтығының қалыптасуымен байланысты жүзеге асуы. Халықтың құрылуына XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағында қайта өрлей бастаған дәстүрлі шаруашылық, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының отырықшы егіншілікпен өзара әсерінің ықпал етуі. Тарихи, археологиялық-этнологиялық, антропологиялық және лингвистикалық деректемелер жиынтығы қазақ халқының құрылу процесі XIV-XV ғасырларда негізінен аяқталды деген тұжырым жасауға мүмкіндік беруі.

«Қазақ» этнонимінің шығуы және семантикасы туралы екі жүз жылға жуық уақыт бойы ғылыми пікірталас. Зерттеушілердің едәуір бөлігі тайпа атауына терминологиялық сәйкестікті іздестіру жолына түсуі. Тарихнамада қабылданған ұқсастыру жөніндегі негізгі болжамдар (Н.М. Карамзин, А. Вамбери және т.б.). Қазақ атауының этимологиясы туралы академик В.В. Вельяминов-Зернов, оны толығымен қолдаған В.В. Бартольд және А.Н. Самойлович, С.К. Ибрагимов, Б.Е. Көмеков, т.б. қазақи өмір салтын ұстанған, яғни еркін, ерікті, тәуелсіз көшпенді халық деген мағынаны береді деген тұжырымдаулары.

• **Қазақ жүздерінің құрамы мен шығу мәселесі. Ру-тайпалық бірлестіктер.**

Үш негізгі этнотерриториялық бірлестіктердің – Ұлы, Орта, Кіші жүздерінің пайда болу уақыты мен қалыптасу механизмі. Жүздердің пайда болу себептері туралы пікірталастар (Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Бартольд, Н.А. Аристов, С.А. Аманжолов, М.П. Вяткин, В.П. Юдин, М.С. Мұқанов, Т.И. Сұлтанов және т.б.).

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтардың ру-тайпалық бірлестіктері туралы Н.А. Аристовтың, Г. Волконскийдің мәліметтері. Ұлы

жүздің тайпалық құрамы мен орналасуы (үйсін, дулат, қаңлы, жалайыр, албан, шапырашты, суан, ысты, ошақты, сіргелі, сәрі үйсін және т.б). Рулық таңбалары мен ұраны. Орта жүздің тайпалық құрамы мен орналасуы (арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, керей, уақ). Тарихи аңыздары мен ұрандары. Кіші жүздің тайпалық құрамы мен орналасуы: а) байұлы (адай, беріш, байбақты, ысық, алаша, жаппас, қызылқұрт, шеркеш, тана, алтын және т.б); жетіру (тама, табын, жағалбайлы, рамадан, кердері, керейт, тілеу); әлімұлы (шөмекей, шекті, кете, қаракесек, төртқара, қарасақал). Аңыздары, таңбалары мен ұрандары.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Ежелгі Қазақстан территориясындағы этникалық және этногенездік процестердің зерттелуі.
2. Отандық тарихшылар мен этнографтардың қазақ халқының этногенезіне байланысты еңбектерін атаңыз.
3. Ортағасырлар кезеңіндегі Қазақстандағы тайпалардың және тайпалық бірлестіктердің этникалық телесуінің бәсеңдеуі.
4. «Қазақ» этнонимінің шығуы және семантикасы туралы ғылыми пікірталас.
5. Қазақ жүздерінің пайда болу уақыты мен қалыптасу механизмі.

4-тарау

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1 Қазақстан жеріндегі шаруашылық-мәдени типтер жүйесі

- **Қазақтардың негізгі шаруашылық типтері мен елдің табиғат жағдайлары.**

Қазақстанның географиялық жағдайы. Аумақтар және шекаралық аймақтар. Қазақстанның климаты мен түрлі жер рельефтері. Аридтық-далалық жерлердің ерекшеліктері. Мал шаруашылығы мен егіншіліктің өркендеуіне қолайлы физикалық-географиялық жағдайлардың әсері. Ежелгі кезеңдегі кешендік шаруашылық. Қола дәуіріндегі бақташы мал шаруашылығы және егіншілік. Аридтық жерлердегі көшпенді мал шаруашылығының пайда болуы (б.з.б. II-I мыңжылдықтар аралығында). Ерте көшпенділер дәуіріндегі классикалық номадизмның қалыптасуы. Көшпенділіктің дамуы және киіз үйдің пайда болуы (б.з.б. I мыңжылдығының орта шеңбері). Қазақстан территориясындағы негізгі жер шаруашылық жүйесінің қалыптасуы. Оазистердің шеті мен үлкен өзендердің атырауларында өмір сүрген жартылай отырықшы егінші-малшылар. Егіншілікті көшпенді немесе жайылымды мал шаруашылығымен үйлестірілген кешенді шаруашылықты (жартылай отырықшы) қазақтардың топтарының жүргізуі. Көшпенді, жартылай және отырықшы қазақтардың арасындағы қауымдық-жер қатынастары.

- **Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы.**

Қазақстандағы мал шаруашылығына тарихи-археологиялық шолу. Қазақстан территориясындағы ежелгі мал шаруашылығының

өркендеген аймақтары. Жануарларды алғаш рет қолға үйрету туралы археологиялық мәліметтер. Ірі қара және ұсақ мал түрлерін қолға үйрету.

Археологиялық қазбалардың нәтижесінде отырықшы елді мекендер мен қорғандардағы түрлі малдардың сүйектерінің қалдықтарының табылуы.

Ежелгі қоғамдық өмірдегі шаруашылық өзгерістер. Көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығына өту. Ерте темір дәуіріндегі негізгі мал түрлері. Археологиялық қазбалардан жылқы жабдықтарының табылуы.

Қазақстан территориясындағы елді мекендер мен қорғандардан табылған малдардың сүйектерінің қалдықтары. Жылқылар мен ұсақ мүйізді малдардың сүйектерінің қалдықтары. Тасымал және тасу құралдары, сүйреткілер. Қазақстандағы ежелгі малшылардың арбалары. Арбаға орналасқан жылжымалы үйлердің түрлері.

Жайылымдық жерлер және оларды мезгілмен пайдалануы. Қазақстандағы негізгі географиялық-климаттық аймақтар: орманды-далалық, далалық, шөл және таулы жерлер. Негізгі табиғи-климаттық жағдайлардың ерекшеліктері. Өсімдік әлемі.

Қазақстан территориясындағы ландшафтық аймақтар. Шексіз дала кеңістері, жартылай шөл, далалы және қолайлы жерлердегі аймақтар. Мерзімді жайылымдардың ерекшелігі мен сәйкес келуі. Жайылым жерлердің Қазақстан территориясында таралуы. Қыстық – қыстау, көктемдік – көктеу, күзгі – күзеу және жазғы – жайлау. Көктемдік және күзгі жайлауларды ретімен пайдалану. Малдарға арналған қора-қопсықтардың түрлері: қорық, қой бөлік, келте қыстау, жалған қора. Қос.

Су қоймаларының типтері. Жайылымдардағы су көздері. Аймақтық су құбырларының ерекшеліктері. Құдықтардың түрлері.

Көші-қонның жолдары, бағыттары мен ұзақтығы. Көшпелі және жартылай көшпелілердің қоныстарының орналасуы. Көшудің негізгі жүйелері мен жолдары: бойлық, тік, радиалдық және стационарлық. Көші-қонның ұзақтығы. Шаруашылықтағы көшу тәртібі. Қысқы жайылымның тәртібі. Қыстағы, көктемдегі және күздегі жайылымдықтардың орналасуы. Қысты малшылар суық жерлерден қорғалған алқаптарда өткізуі. Көктемде малды қарі еріп, көк шөп тез көрінетін күнгейлерде жайыуы. Күзде малды

қыстауларға жақындатуы. Құрғақшылық жылдары немесе кәрі қалың қатты қыстардағы Қазақстандағы жұттар. Ресейдің отарлау кезеңіндегі көші-қон жолдары мен бағыттарының өзгеруі. Отарлы және стационарлық мал шаруашылығы. Малды байлаулы түрде немесе ауыл төңірегінде бағуы.

Қазақтардағы мал шаруашылық типтерінің эволюциясы. Ресей патшалығының қазақтардың мал шаруашылығына тигізген әсері: көптеген жерлерді тәркілеуі, жайылымдықтардың көлемінің қысқаруы, салық жүйесі, капиталистік қатынастардың енгізілуі, егіншіліктің дамуы.

Малдардың негізгі түрлері мен олардың таралуы. Көшпелілер өміріндегі малдың маңыздылығы. Малдардың негізгі түрлері. Қазақстанның түрлі аймақтарындағы малдар түрлерінің сәйкестігі, сандары мен таралуы.

Малдардың (жылқы, түйе, қой, ірі қара және т.б.) тұқымдары және олардың аймақтық ерекшелігі. Қазақ малдарының төзімділік, күй талғамайтын қасиеттерімен ерекшеліктері. Жергілікті тұқымдарды сырттан әкелінген малдармен шағыстыруы, одан жаңа тұқым алуы және оның нәтижесі.

Төрт түлікке байланысты қазақтардың әдет-ғұрыптары мен жосын-жоралғылары. Малдардың қорғаушылары мен пірлері: Шопан ата, Зеңгі баба, Ойсылқара, Қамбар ата, Шекшек ата, Қыдыр ата және т.б. Малдарға байланысты аталмыш патронимиялық бейнелер мен пірлердің генезисінің, осы атаулардың этимологиясының, олардан шығатын аңыздар мен әдет-ғұрыптардың іргелі мәселелері. Төрт түліктің атауы мен физиологиялық ерекшеліктеріне, төлдеуіне, сақтауына және сауынына, түр-түсіне қатысты наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар. Малдарды құрбандыққа шалудың ерекшелігі. Мал шаруашылығындағы құралдардың магиялық қасиеті.

● Қазақтардың дәстүрлі егіншілігі.

Егіншілікті көшпенді немесе жайылымды мал шаруашылығымен үйлестірілген комплексті шаруашылықтардың жүргізуі. Суармалы және богарлық (суарымсыз) егіншілік жүйесі. Егіншілікте пайдаланатын су көздерінің түрлері (әрік, атпа, кәріз, лиман және т.б.). Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағындағы отырықшы тұрғындардың жерді пайдалану түрлерінің формалары.

Суармалы жүйелері жоқ, тек жаңбыр суына есептелінген тәлімі жердегі егіншіліктің бұл түрі көбіне шаруашылық негізін мал бағудың түрлі бағыттарын құрайтын жерлерде көп таралуы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың жер шаруашылығының дамуына байланысты статистикалық мәліметтер. Оңтүстік Қазақстандағы суармалы егіншілік.

Дақылдардың нақты таралған түрлері: астықтар, жүгері, мақта және т.б. Бау-бақшалар. Ауыл шаруашылығындағы еңбек құралдары: жер жыртатын құралдар, егістікті отайтын жабдықтар, кетпен, күрек, тырма және т.б. Егін өнімдерін жеткізетін және тасымалдайтын құралдар. Дақылдар мен өнімдерді сақтайтын әдістер. Егіншілікке байланысты қазақтардың әдет-ғұрыптәрі мен жосын-жоралғылары. Егіншіліктің пірі – Дикан баба, желдің пірі – Жалаңаш ата, жолаушылардың пірі – Қызыр ата, тасаттық және т.б. Шаруашылық құралдарына арналған наным-сенімдер.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Қазақстан территориясындағы ежелгі кезеңдегі кешендік шаруашылықтың түрлері.
2. Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының зерттелуі.
3. Қазақтардың дәстүрлі егін шаруашылығына байланысты деректер.
4. Қазақтардың мал шаруашылығына байланысты қазақтардың әдет-ғұрыптәрі мен жосын-жоралғыларі.
5. Егіншілікке байланысты қазақтардың әдет-ғұрыптары мен жосын-жоралғылары.

5-тарау

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТІРШІЛІК КӨЗІ ЖҮЙЕСІНІҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

5.1 Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті

- **Мәселенің тарихнамасы және дерек көздері.**

Ежелгі және ортағасырлардағы елді мекендер, тұрақтар, қалалар, тұрғын үйлер және т.б материалдық заттар туралы археологиялық материалдар мен жазба деректер. Революцияға дейінгі тарихи, археологиялық және этнографиялық әдебиеттер: шетелдік, кеңестік және қазақстандық этнологтар мен археологтардың зерттеулері. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастырудың технологиялық құралдарының жүйесі (Н. Әлімбаев, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев). Революцияға дейінгі мұражайлардағы мұралар мен архивтік материалдар, суреттемелердің шығармалары.

- **Дәстүрлі тұрғын үй.**

Киіз үй. Түркі тілдес, моңғол тілдес және иран тілдес халықтар арасындағы киіз үйдің таралуы. Моңғол типтес киіз үйдің құрылымдарының ерекшеліктері, көріністері. Күмбез тәріздес типтері (түркіше типі). Киіз үйдің қазақша аталуы (ақ боз үй, қара үй, киіз үй).

Аридтік зонада климаттық жағдайларға байланысты киіз үйді қолдану ерекшеліктері. Маусымдық көші-қон кезіндегі киіз үйдің пайдалануы. Киіз үйден тұратын елді-мекендердің орналасу тәртібі (дөңгелек, жартылай дөңгелек, түзу тәрізді және т.б.). Киіз үйдің шығуы туралы көзқарастар мен пікірталастар. Киіз үйдің түрлері. Киіз үйдің типтері: тұрғын, шаруашылық, некелік, қайғылық.

Киіз үй құрылымының ерекшеліктері. Киіз үйді жасаудың ерекшеліктері. Кереге, уық, шаңырақ, есік т.б. Киіз үйдің киіз жаб-

дықтары. Киіз үйдің шиден тоқылатын жабдықтары, олардың қолданылуы. Киіз үй интерьері. Киіз үйдің ерлер мен әйелдерге арналған бөліктері және оларға арналған жабдықтар. Киізден жасалынған кілемдердің түрлері.

Қазақтардың қазіргі тұрмысына байланысты киіз үйдің қажеттілігі. Ауылдық жерлерде киіз үйді жаздық тұрақ ретінде қолданылуы. Киіз үй – шопандардың өндіріс тұрағы ретінде. Қоғамдық тамақтану орындарында киіз үйдің пайдаланылуы. Киіз үйдің ұлттық мақсаттарда қолданылуы (тойларда, салтанат кештерінде).

• Дәстүрлі киімдер мен әшекейлер.

Этникалық, экономикалық және табиғи-климаттық жағдайларда қазақтардың дәстүрлі киімдер мен әшекейлерінде ежелгі әдет-ғұрыптардың көрініс табуы. Қолдан жасалған, сонымен қатар фабрикалық мақта-мата бұйымдарының таралуы. Ортаазиялық өндірістік маталардан тігілген киімдер. Күнделікті тұрмыстық киімдердегі өзгерістер (тігісіндегі, маталар талғамында, т.б.). Киімдегі әлеуметтік айырмашылықтар. Ерлер, әйелдер, балалар киімдерінің түрлері, бас киімдері мен аяқ киімдері. Металдан, барқыттан, былғарыдан, жүннен және жібектен жасалынған белдіктер.

Әйелдер әшекей бұйымдарының сабақтастығы, көшпенді әлеуметтік қоғам социумының даму кезеңдеріндегі киім ерекшеліктері мен өзара байланысы. Әйелдер әшекейлерінің құрамы: қолға тағатын әшекейлер (сырға, білезік, жүзіктер), бас киім әшекейлері (шекелік, шолпы, үкі тағар), кеуде әшекейлері (өңіржиек, алқа, тұмарша, үкі аяқ), кеуде-белге тағатын сәнді бұйымдар (қапсырма, белдік, тана, түйме). Әшекейлік тұмарлар. Ерлердің белдіктері мен жүзіктері, олардың символдық белгілері.

Әшекейлердің эстетикалық, діни-магикалық және әдет-ғұрыптық қызметі. Әшекейлердің жастық-жыныстық, әлеуметтік-мүліктік, этноаумақтық және тайпалық, туыстық айырмашылықтары мен көрсеткіштері. Аталмыш айырмашылық көрсеткіші ретіндегі тұмарлар мен бойтұмарлар. Олардың жасалу техникасы: сіркелеу, қаралау, сымкәптеу, фигуралық мөрлеу және т.б. зергердің құрал-саймандары.

Ішкі дене киімдерінің, сыртқы киімдердің, белбеулердің, бас киімдердің кеңестік және тәуелсіздік жылдарындағы өзгерістері. Киімдерге арналған материалдар және олардың тігілу жолдары.

Тойға арналған сәндік және жұмыста қолданатын киімдер. Әшекейлердегі өзгерістер. Балалар, жастар және жоғарғы буын өкілдері арасындағы киімдер, бас киім, аяқ киім. Аталмыш киім жүйелеріне қазіргі қалалық, урбанизациялық формаларының ықпалы.

• **Дәстүрлі тамақтану жүйесі.**

Тамақтану жүйесінің құрылымы. Ет тағамдары: құрамы, тамақ дайындаудың негізгі әдістері, ет тағамдәрін сақтау және консервациялау. Әртүрлі еттердің құндылық сатысы (жылқы еті, қой еті, түйе еті, сиыр еті, ешкі еті). Сүт тағамдары: түрлері, олардың дәстүрлі дайындалу және сақтау әдістері. Сүт тағамдәрін пайдалану ерекшеліктері.

Өсімдік тағам түрлерінің пайда болуы мен қалыптасуы. Терімшілік өнімдерінің қолданылуы. Астық өнімдерін қолданудың негізгі түрлері. Ұн мен нан өнімдерін дайындау технологиясы. Қазақтың дәстүрлі тамақтану жүйесінде көкөніс, дәмдеуіштерінің шектеліп қолданылуы.

Кеңес кезіндегі қазақтың дәстүрлі тамақтану жүйесінің өзгеруі. Тамақтанудың түрлері және қонақ күту этикеті. Ыдыс-аяқ пен тамақ дайындауға қажетті жабдықтар. Қазіргі қазақтардың тамақтану жүйесінің ортақтығы және ерекшеліктері. Қазақтардың тамақтану жүйесіне байланысты дәстүрлері мен ырымдары.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Материалдық мәдениетке байланысты отандық этнологтар мен археологтардың зерттеулері.
2. Киіз үй құрылымының ерекшеліктері.
3. Дәстүрлі киімдер мен әшекейлерге байланысты деректер мен зерттеулер.
4. Қазақ халқының дәстүрлі тамақтану жүйесіне байланысты деректер мен зерттеулер.

5.2 Қазақ халқының дәстүрлі рухани мәдениеті

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы құрылымдық тарихи феномен ретінде. Оның түрі, тақырыбы мен мазмұны. Бұрынғы дәуірлердің мәдениетін қисынды жалғастыруы. Оның құрамындағы аңыз-хикаялар мен кейінгі фольклорлық туындылар, қолжазба кітабы дүниелері мен қазақтың төл әдебиеті, тарихи-шежірелік

және құқықтық қатынастар мен шешендік өнері, музыкалық және халықтық-драмалық шығармашылық пен халықтың көңіл көтеретін ойындары. Жыраулар поэзиясы және оның басты тақырыптары. Би-шешендер шығармашылығы. Билер сөзі, билер айтысы, билер дауы, төрелік айту, шешендік сөздер деп аталатын көркемдік мәдениеттің бірегей түрлері. Халықтың ауызша поэтикалық және драмалық шығармашылықтары. Жазбаша әдебиеттің жанрлары. Дәстүрлі дүниетанымның синкретизмі мен көп компоненттілігі.

● **Дәстүрлі музыкалық мәдениет.**

Дәстүрлі ғұрыптық-тұрмыстық музыкалық мәдениет құрамындағы аспаптық және ән өнері.

Ұлттық музыка аспаптары. Аспаптардың классификациясы. Соқпалы, соқпалы-данғырлақ, үрмелі-ішекті, ысылдауық-ішекті аспаптар. Олардың жасалу тәсілдеріне байланысты аңыздар, ырым-жоралар, сенімдері. Аспаптардың сиқырлық қызметі. Орындау дәстүрі, мектептері. Ұлттық аспаптық өнердің генезисі мен ерекшелігі, аспапты күйлердің мәні. Домбыра дәстүрі. Аймақтық дәстүрлер мен мектептер. Көрнекті ұлттық композитор-домбырашылар. Күй тақырыптары. Күйші-композиторларының сыбызғыға арнаған музыкалық шығармалары.

Әншілік өнер. Ақындық-ән өнерінің ерекшеліктері, қазақ өміріндегі әлеуметтік-қоғамдық өнердің рухани қызметі мен орны. Музыка мәдениетінің маманданған қайраткерлері (ақын, күйші, жырау, жыршы). Дәстүрлі некелік әндер (сыңсу, беташар, жар-жар). Дәстүрлі қайғылық шығармалар (жоктау, қоштасу және т.б.). Халықтың әдет-ғұрпы, салттары мен дәстүрлері.

● **Қазақ халқының күнтізбесі мен астрономиясы.**

Ертедегі уақыт өлшемдері. Айлық немесе мұсылмандық хиджра жыл санауы. Күндік немесе 12 жылдық хайуанаттар атымен аталатын мүшел. Уақытты анықтау, межелеу мен санаудағы әдіс-тәсілдер. Тарихи уақыт межесін анықтаудағы “күн”, “түн”, “тәулік”, “апта”, “ай”, “тоқсан”, “жыл”, “мүшел”, “ғасыр”, “заман”, “дәуір” сияқты ұғымдар. Қазақтардың және арабтардың көне күн, ай атаулары, жыл мезгілдері, аспан құбылыстарының атаулары Әлем мен жер, күн, ай, жұлдызды әлем және басқа планеталардың шығуы жөніндегі көзқарастар. Жұлдыз шоғырларының, жұлдыз-

дырдың, құс жолының атаулары және олардың шығуы туралы аңыздар. Табиғаттың әртүрлі құбылыстары және олардың шығуы туралы түсінік (жер сілкіну, күн мен айдың тұтылуы, кемпіркөсақ, найзағай, жаңбыр, жер, қар, т.б.)

Адамзаттың, жекелеген жануарлардың және өсімдіктердің шығуы туралы түсініктер. Анатомиялық, зоологиялық, ботаникалық, фенологиялық танымдар. Ұзындық пен салмақты өлшеудегі ұлттық өлшемдер.

● **Халықтық мал дәрігерлік білімдері.**

Әртүрлі мал ауруларының шығу себептері туралы түсінік. Халықтық көп ғасырлық тәжірибеден туындаған емдеулердің тәсілдері. Дәрілік және емдік өсімдіктерді қолдану. Соққы, сүйек сынықтарын емдеу. Инфекциялық эпидемиялық аурулармен күрес тәсілдері. Емші және тәуіптердің (оташы, дәрігер, сынықшы) әртүрлі категориялары. Дуалау мен сикырлау. Халықтық мал дәрігерлік білімдер. Үй жануарларын емдеуде халықтық тәжірибеге негізделген дәрілік өсімдіктер мен құралдарды қолдану. Эпизотиялық аурулармен күрес тәсілдері.

● **Ұлттық мейрамдар мен ойындар.**

Ұлттық мерекелер (мейрам, той, ас). Отбасылық мерекелер ішіндегі ең маңыздылардың бірі – үйлену тойларының қоғамдық сипат алуы. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының 22 наурыз күніне сәйкес келетін көктемдік күн теңесу мейрамы. Ру немесе ауылдық деңгейде өтетін, қыстаудан жайлауға көшу дәстүрінің көктемдік үлкен мерекеге сәйкес келуі. Діни мейрамдар. Ораза айт пен 70 күннен кейінгі Құрбан айттың кең көлемде тойлануы.

Ұлттық ойын-сауықтар. Шаруашылық іс-әрекетке және әскери өмірге байланысты әскери-спорттық және ат үстіндегі ойындар (сайыс, аударыспақ, жамбы ату, алтын қабақ, бәйгі т.б.). Жастардың ойын-сауықтары (қыз қуу, алты бақан, ақ сүйек және т.б.). Балалар ойыны (асық, тығылыспақ, т.б.). Интеллектуалдық ойындар (тоғыз құмалақ).

● **Діни нанымдар мен жүйелер.**

Исламға дейінгі нанымдар мен түсініктер. Тотемизм, тәңірлік, бақсылық, қорғаушы ата-бабалар әруағының орны. Демонологиялық жұрнақтар. Демонологиялық түсініктер – анимистік дүние-

танымның элементтері ретінде. Албасты (марту), жезтырнак, т.б. кейіпкерлері. Исламданған жын-шайтан кейіпкерлері (пері, дию, жын, шайтан). Исламға дейінгі жергілікті қамқоршы құдайлардың жаңа атпен аталуы. Көптеген бұлақтар, шындар, ағаштар және т.б. табынуы. Қазақтардың әулиелерге сиынуы.

Қазақтардағы ислам. Қазақтар арасында ислам дінінің суфистік ілімдер түрінде таралуының хронологиялық кезеңдері. Қазақстанда суфизмнің түркі дәстүрінің атасы, йасауийа (султанийа) орденінің негізін салушы Қожа Ахмет Йассауидің есімінің кеңінен таралуы. Йасауийа ілімінде зікір (джахр) салуының дамытылуы. Қожа Ахметтің Оңтүстік Қазақстанның түркі халықтарының арасында исламды таратудағы орны. Қожа Ахмет Йассауи әулиелігі даңқының жайылуы. Алдыңғы және Орта Азия, Еділ бойынан келген мұсылман уағыздаушылары. Накшбандия сопылық ағымы оқуларының қазақ даласына енуі.

Қазақ жастарының Орта Азия және Еділ бойы медреселерінде оқуы. ХІХ ғасыр Қазақстанның әртүрлі аймақтарында медреселердің пайда болуы. Мұсылмандық жаңа идеяларының («джадидизмнің») енуі. Джадидизмдік жаңа әдістемелік мектептердің пайда болуы. Кеңестік кезеңдегі ислам қағидаларының құлдырауы. Отбасылық-тұрмыстық тәжірибесіндегі діни сенімнің синкретизмі.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Қазақ халқының музыкалық аспаптарын атаңыз.
2. 12 жылдық хайуанаттар атымен аталатын мүшелдің ерекшелігін көрсетіңіз.
3. Халықтық көп ғасырлық тәжірибеден туындаған емдеулердің тәсілдері.
4. Ұлттық ат үстіндегі ойындарды талдаңыз.
5. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында Қазақстанның әртүрлі аймақтарына мұсылмандық жаңа идеялардың («джадидизмнің») енуі.

6-тарау

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ МЕН ОРАЛМАНДАРДЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

6.1 Қазақ диаспорасы мәселесінің теориялық аспектілері

● Мәселенің тарихнамасы.

Қазақ диаспорасының қалыптасу және қазіргі даму тарихы мәселесіне арналған еңбектерді талдап, жүйелеуге кірісер алдында оның алты кезеңін атап өтуі.

1. 1950-жылдарға дейін шетелдерде өмір сүрген қазақтар туралы айтылатын шетелдік географтар, ғалымдар, саяхатшылар еңбектеріндегі материалдар. Мұндай деректер ағылшын саяхатшылары В. Маркрофт пен В. Требектің, Г. Яррингтің «О размещении тюркских племен в Афганистане» және Ф. Шурманның «Монголы Афганистана» еңбектерінде Ауғанстанда өмір сүрген қазақтар туралы баяндалады.

2. Қытайдағы қазақтар тарихының тек жекелеген мәселелеріне арналған кеңес ғалымдарының еңбектері. Мысалы, Г.В. Астафьевтің «Казахи Синьцзяна» атты монографиясы.

3. 1950-1960 жылдардағы батыс ғалымдарының ғылыми ізденістері. Г. Лиастың «Казахский исход» (1956), М.Д. Латимордың «Стержень Азии» (1950). 1960-жылдардағы түрік оқымыстыларының Түркиядағы қазақ тұрғындары туралы зерттеулері.

4. Қазақ зиялыларының жазған зерттеулері мен естеліктері. Шыңжаңдағы қайғылы оқиғаға қатысқандардың өздерінің немесе олардың туысқандарының еңбектері: Қасен Оралтай «Қазақ түріктері» (1976), Қызырбек Ғаритұлла «Кровавые дни на Алтае» (1977), Қалифа Алтай «С родной земли до Анатолии» (1981).

5. 1970-1990 жылдары Түркия, Қытай, Швециядағы қазақ қауымдастығының сол кездегі жағдайы туралы батыстық тарихшыларының, этнографтарының монографиялық еңбектері мен мақалалары. Д.Т. Дрейердің «Қытайдағы қазақтар» (1977), Л. Бенсон және И. Сванбергтің «Қытай қазақтары» (1988), И. Сванбергтің «Түркиядағы қазақ босқындары» (1989), Л. Бенсонның «Іле көтерілісі» (1990).

6. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық ғалымдардың (тарихшылар, этнографтар, философтар, демографтар, социологтар) зерттеулері. М.Б. Тәтімов «Қазақ әлемі» (1993), К.Л. Сыроежкин «Казахи КНР: очерки социально-экономического и культурного развития» (1994), Г.М. Мендіқұлова «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» (1997). Ұжымдық монография «Казахская диаспора: Настоящее и будущее» (2005). Орта Азия қазақтарын жан-жақты қамтыған Қ.И. Қобыландин, Б.К. Қалшабаева. Моңғолия қазақтарына арналған К. Мініс, И. Қабышұлы, З. Қиянұлы, Г. Қозғанбаева және т.б. еңбектері. Қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының мәселелері, этникалық көші-қон, оралмандардың 1991-2012 жылдары қазақстандық қоғамға бейімделуі мен ықпалдасуы туралы «Қазақ көші – қазақтың қауымдасуы» (2012) атты құжаттар жинағы.

● **Қазақ диаспорасы және ирреденті.**

Қазақ диаспорасының теориялық-практикалық анықтамасы. «Диаспора» және «ирредент» терминдері туралы пікірталас.

Диаспораның түрлі тарихи оқиғаларға байланысты туындап, қалыптасқан көші-қонмен пайда болуы. Көші-қон теориясы. Классикалық көші-қон. Жүйелі көші-қон. Конфликтілік (қайшылықты) көш-қон. Көш-қон көрсеткіштері. Диаспораның тарихи феномені. Диаспора мен Отан туралы түсінік. «Диаспора» ұғымы өзге жерге көшіп кеткен, сонда өмір сүретін, бірақ өзінің туған елімен мәдени және сезімдік қатынасы бар азшылық топты білдіруі. Алғашқы Отаны туралы ұжымдық түсінік. Диаспораның механизмі мен дамуы. Қазақстан, Ресей және шетелдік зерттеушілерінің «диаспора» мәселесі бойынша ой-тұжырымдары, талқылауы, пікірталастары.

Шетелде өмір сүріп жатқан қазақтардың 18%-ы немесе 800 мыңы диаспора болып есептелуі. Қазақстанға шектес орна-

ласқан Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Қытай территорияларындағы 4,5 миллион қазақтардың «ирреденттер» деп аталуы. Олардың бұл жерлерде XIX-XX ғасырларда патшалық Ресейдің отарлық саясатының әсерінен, XX ғасырдағы тоталитарлық тәртіп салдарынан қалып қоюы. Осындай шектес шетелдерге Ресей Федерациясының Астрахань, Орынбор, Саратов, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономды облыстары; Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл, аудандары, сондай-ақ Өзбекстанның құрамына кіретін Қарақалпақстанның жекелеген аудандары; ҚХР ШҰАР-ның Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Еренқабырға, Баркөл-Құмылаға жататын аудандары.

«Ирредент» термині олардың отанымен шектес мемлекетте орналасқан шағын этникалық топты білдіруі. Олардың пайда болу себептері: соғыстардың әсері, аннексиялар, шекараға талас, бұрынғы отарлау саясатының салдары және т.б.

•Қазақ диаспорасы мен ирредентінің қалыптасу тарихы.

Қазақ ирредентінің пайда болу үрдісінің себебі – XVI –XIX ғасырлар Орталық Азияда болған тарихи оқиғалар. Қазақ ирредентінің қалыптасу кезеңдері:

1. XVI-XVIII ғасырлардың бірінші жартысында қазақ-ойрат соғыстары кезінде тартып алынған Жетісу, Тарбағатай, Барлық және т.б. жерлер.

2. Жоңғар хандығын Цинь империясының талқандауы және осыдан кейін циндік Қытайдың қазақ жерлерін тартып алудың жалғасуы.

3. Орталық Азияда орыс-қытай мемлекеттік-территориялық шекараны шектеу нәтижесіндегі 1860 жылғы Пекин келісімшарты, 1864 жылғы Шұғышақ келісім шарты, 1869 жылғы Қобда келісім шарты, 1870 жылғы Тарбағатай шектеу келісім шарты, 1881 жылғы Петербург келісім шарты. Қазақ жерлерінің Қытай мен Ресейге күшпен бөлініп берілуі.

4. XX ғасырдағы қайғылы оқиғалар. 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу, Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы және азамат соғысы, күшпен ұжымдастыру және 1928-1932 жылдардағы ашаршылық, екінші дүние жүзілік соғыстың салдары, 1940-жылдардағы Шыңжаңдағы қазақтардың көтерілісі және т.б.

Қазақ диаспорасы мен ирредентінің қалыптасу тарихы. Ұлттық ортадағы қазақ репатрианттарының (оралмандарының) адаптациясы.

Қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері. Ұлттық-территориялық межелеу және оның салдары. Ирредент. Қазақ диаспорасы мен ирредентінің құрамы, орналасуы. Қазақ диаспорасы мен ирредентінің әлеуметтік-саяси статусы. Қазақ диаспорасының дәстүрлі өмірлік қамтамасыздандыру жүйесі. Шетел қазақтарының мәдениеті мен тұрмысының өзгеруі, сақталуы.

Магистранттардың өз білімін тексеретін сұрақтар:

1. Қазақ диаспорасына байланысты шетелдік зерттеулер мен еңбектер.
2. Алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасына арналған отандық ғалымдардың еңбектері.
3. Қазақ диаспорасының теориялық-практикалық анықтамасы.
4. Қазақ диаспорасы мен ирреденттігінің қалыптасу кезеңдері.

ҚОРЫТЫНДЫ

Этнология ғылымы қазіргі халықтарды және ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктері мен бәріне бірдей ортақ жайларды, тарихи және мәдени қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмысын, кәсібін, қоғамдық және отбасылық қарым-қатынастарын, рухани мәдениетін жан-жақты зерттейтін ғылым саласы екені белгілі. Осыған байланысты Л.Н. Гумилевтің «Этностардың өзіндік сыртқы ерекшеліктерін анықтайтын этнография тәрізді сипаттамалы ғылыммен қатар этногенез және адамзат пен тірі және қатып қалған табиғат арасындағы өзара қарым-қатынастың мәселелерін шешетін халықтану (этнология) ғылымын шығару мүмкіндігі бар. Бұл жаңа ғылым өзінің пәні, аспектісі және әдістемесі бойынша гуманитарлық ғылым қатарына емес, жаратылыстану ғылымдарына жатады», – деген тұжырымы этнологияның дербес ғылым ретінде дамуы мемлекет ісінің алға басуына оңтайлы әсерін тигізетіндігін айқындап тұр.

Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған «Этнологияның іргелі мәселелері» атты оқу-әдістемелік кешені этнология саласындағы өзекті сауалдарды зерделеуге арналған. Көптеген еңбектер этнологияның түрлі тақырыптары саралағанмен де, осы уақытқа дейін қарастырылып отырған мәселелерді кешенді түрде айқындайтын қазақ тілінде жазылған оқу-әдістемелік кешен жоқ десе де болады. Сондықтан, аталған оқу-әдістемелік кешені «Археология және этнология» мамандығында білім алатын магистранттар үшін аса қажет.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешен этностың этногенезге байланысты негізгі теориялық мәселелерге талдау жасалып, тарихта ғасырлар бойы қалыптасқан этнологияның негізгі ірі ғылыми бағыттары мен мектептерінің сипаттамасын қарастырады және этникалық процестерді этногенетикалық тұрғыдан түсіндіріп береді. Сонымен қатар бұл еңбекте этнос пен этногенездің примордиалистік теориясы, этностың биоәлеуметтік, әлеуметтік тарихына,

синергетикалық концепцияларіна талдау жасалып, қазақ халқының қалыптасуының өзекті мәселелері, Қазақстан территориясындағы этникалық үрдістер, протоказактардың этникалық тарихы жан-жақты қамтылған.

Бұл еңбек қазақтардың этногенезі мен этникалық тарихындағы ежелгі тайпалардың, түркі заманы мен ортағасырлық кезеңде бой көтерген мемлекеттердің орны мен қызметіне саралау жасалып, қазақ халқының шаруашылық-мәдени үлгісі, материалдық және рухани мәдениетінің салалары, шаруашылық түрлері, тіршілік қамы жүйесінде аталған мәселелердің алатын орны мен оған қатысты үрдістерге талдау жүргізілген.

Сондықтан ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешенін негізгі көмекші құрал ретінде, магистранттар «этнос» теориясының іргелі мәселелері мен қолданбалы аспектілеріне байланысты ерекшеленген терминдерді білумен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарында оларды кеңінен пайдалана алады. Осыған қоса, оқу-әдістемелік кешен магистранттардың Қазақстан территориясындағы әр тарихи кезеңдегі этносаия және этномәдени үдерістерге орынды баға бере алуына, олар бейімделген жүйелі білімдерін ғылыми зерттеулеріне, мақалаларына, реферат, курстық және бітіру жұмыстарында пайдалана алатындықтарына септігін тигізеді.

Оқу құралының мазмұны МӨЖ және МОӨЖ-ге арналған әдістемелік нұсқаулар, аралық бақылау сұрақтары, реферат тақырыптары, емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар, глоссарий және тест сұрақтарымен жабдықталуы қазіргі ғылыми деңгейге қойылатын талаптарға сай, мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты мен типтік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Тұтас қамтығанда, «Этнологияның іргелі мәселелері» атты оқу-әдістемелік кешені магистранттарды дүниежүзілік және отандық этнологияның іргелі мәселелерімен, этнос теориясының жалпы қабылданған және арнайы түсініктерімен, этногенетикалық және этникалық процестерді зерттеудің әртүрлі әдістемелік дәстүрлерімен таныстыратын еңбек болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Гуманитарлық ілім жүйесіндегі этникалық зерттеулердің орны.
2. Этнологиялық зерттеу жұмыстары тәсілдерінің спецификасы.
3. Дүниежүзі халықтарының географиялық классификациясы.
4. Әлем халықтарының антропологиялық классификациясы.
5. Дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық классификациясы.
6. Әлем халықтарының мәдени-шаруашылық классификациясы.
7. Шетелдік және отандық этнология ғылымдарының тарихы.
8. Этностарға тікелей қатысты негізгі идеялар мен тұжырымдар.
9. Примордиализмнің философиялық негізі.
10. Примордиализмнің табиғи бағыты.
11. Примордиализмнің тарихи-эволюциялық бағыты.
12. Л.Н. Гумилев тұжырымдамасындағы этностың пассионарлық теориясы.
13. Л.Н. Гумилевтың этногенез және жер биосферасына байланысты концепциясы.
14. Этностың биоәлеуметтік концепциясы.
15. Этностың тарихи-әлеуметтік концепциясы.
16. Ю.В. Бромлейдің этнос және этникалық-мәдениет теориясы.
17. Этнос – этникалық-әлеуметтік организм ретінде.
18. Этностың синергетикалық концепциясы.
19. Этнос тарихи – әлеуметтік қауымдастық ретінде.
20. Этностың ақпараттық концепциясы.
21. Этностың тарихи түрлері: тайпа, халық, ұлт.
22. Шаруашылық-мәдени түрлері мен тарихи-мәдени облыстар концепциясы.
23. Этникалыққа конструктивистік көзқарас.
24. Этникалықты зерттеудегі инструменталистік тәсіл.
25. Этникалық біртектілік және мәдениет символы.
26. Этнопсихологияның философиялық және ғылыми-теориялық көздері.
27. Этникалық біртектілік проблемалары.
28. Қазіргі батыстық мәдени антропологиядағы этнопсихологиялық зерттеулер.
29. Қазақ халқы этногенезінің тарихнамасы.
30. Қазақ халқы этногенезі мен этникалық тарихының дерек көздері.

31. Ежелгі Қазақстан территориясындағы этногенетикалық процестер.

32. Ортағасырлардағы Қазақстан территориясындағы этногенетикалық үдерістер.

33. Қазақ этногенезіндегі түркілердің дәуірі.

34. Қазақ этногенезіндегі қыпшақтардың орны.

35. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу проблемалары.

36. Қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңі.

37. «Қазақ» этнонимі туралы ғылыми пікірталас.

38. Қазақ жүздері.

39. Қазақтың ру-тайпалық бірлестіктері.

40. Қазақтың ру-тайпалық бірлестіктеріне байланысты зерттеулер.

41. Қазақтардың шаруашылық-мәдени типтерінің проблемалары.

42. Қазақтардың шаруашылығына байланысты наным-сенімдер, жосын-жоралғылар.

43. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының тарихнамасы.

44. Қазақтардағы мал шаруашылығының типологиясы.

45. Қазақтардағы егіншілік.

46. Қазақтың дәстүрлі егіншілігіне байланысты зерттеулер.

47. Қазақтардың жылжымалы және тұрақты баспаналары.

48. Қазақтардың материалдық мәдениетіне байланысты наным-сенімдер.

49. Қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінің тарихнамасы.

50. Қазақтардың дәстүрлі рухани мәдениетінің тарихнамасы.

51. Дала ілімі, күнтізбе, астрономия, халық медицинасы.

52. Қазақтардың діни-нанымдарының жүйесі.

53. Мұсылмандық модернизм (джадидизм).

54. Жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы.

55. Алыс шетелдердегі қазақ диаспорасы.

56. Қазақ диаспорасына байланысты зерттеулер.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ (ГЛОССАРИЙ)

– А –

Абстрактілік – бүтіннің бір жағы, бөлшегі, біржақтылық, қарапайымдық.

Афтохтонды мәдениет – белгілі бір аймақтың ең ежелгі халқының мәдениеті, алғашқы пайда болған жерінен қоныс аудармай, мәдени біртектілікті сақтай алған этномәдениет.

Адам – Жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи процесінің, дамуының субъектісі, анық сөйлей алатын, ойлай алатын, санасы бар биологиялық-әлеуметтік тірлік иесі.

Адамзат – бүкіл адам баласы.

Адаптация (латынша *adapto* – бейімделу) – жүйенің сыртқы және ішкі орта жағдайына бейімделу процесі.

Адекваттық – сәйкестік, теңдік, баламалылық.

Ажал – өлім, қаза.

Азамат – белгілі бір мемлекеттің тең құқықты адам.

Аккультурация (латынша *adcultura* – білім, даму) – белгілі бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын мәдени өзара ықпал үдерісі.

Аксиома (грекше *axioma* – мақұлданған қағида) – белгілі теорияда дәлелденбейтін тұрғыда алынатын бастапқы тұжырым.

Ақиқат – өмір шындығының ойдағы нанымды, дұрыс бейнесі, әлеуметтік процесс, практика, сайып келгенде оның өлшемі болып табылады.

Алғышарттар – пайымдау, бұдан ой түйіндеу арқылы жаңа қорыту келіп шығады.

Альтернатива – бірін-бірі жоққа шығаратын екі немесе бірнеше мүмкіндіктердің біреуін ғана таңдау қажеттілігі.

Анализ және синтез (грекше *analysis* – ыдырау, *synthesis* – бірігу) – зерттелетін объектіні ойша құрамдас бөліктерге бөлшектеу және бөлшектерден бүтіннің ұдайы бірігу үдерістері болып табылады.

Анахронизм (грекше *anachronismus* – кері уақыт) – бір дәуірдің оқиғалары мен сипаттамаларын жаңылыс немесе шартты түрде екінші дәуірге телу.

Анимизм (латынша *anima* – рух, жан) – адамдардың, жануарлардың өміріне, заттар мен қоршаған дүниенің құбылыстарына ықпал ететін-міс аруақтарға және рухтарға сену.

Антропогенез (грекше *anthropos* – адам, *genesis* – шығу тегі) – қоғамдық жан иесі ретінде адамның пайда болып, жетілу үдерісі.

Анықтама (дефиниция) – белгілі бір объектіні айыруға, табуға, құрастыруға, ғылымға жаңадан енгізілген сөз атауы мағынасын тұжырымдауға мүмкіндік беретін қисындық тәсіл.

Аңыз – халықтың наным-сенімімен, қиял-арманынан туатын ауызша айтылатын шежіре, ауыз әдебиетінің жанры.

Аргумент (латынша *argumentum* – пікір) – қандай болмасын басқа бір пікірдің ақиқатын қуаттау үшін келтірілетін пікір.

Ассимиляция (латынша *assimilatio* – ұқсасу, сіңісу, сіңу) – бір этностың өзге этнос тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын меңгеріп, құрамына сіңісіп кетуі.

Атрибут (латынша *attribuo* – үлестіремін) – заттың өзіндік қасиеті, онсыз зат өмір сүріп, мән-мағынаға ие бола алмайды.

– Ә –

Әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этникалық талаптарды білдіретін ұғым.

Әдет-ғұрып – адамдардың белгілі бір жағдайларға байланысты, қайталанып отыратын үйреншікті мінез-құлықтық іс-қимылдары. Оларға көпшілікке ортақ еңбек ету әдістері, тұрмысқа және отбасыға байланысты адамдар арақатысының сол қоғамда кең тараған түрлері және діни салттар, тайпа, тап, халық өмірінің ерекшеліктерін бейнелейтін және қайталанып отыратын әрекеттер жатады.

Әкімшілік – іске нақты басшылықтың орнына бұйрықшыл-жарлықшыл әдісті қолданушылық.

Әлем – материалды дүние, материалды объектілер, сапалық жағынан әртүрлі болып келетін материя формаларының толық жиынтығы.

Әлем картинасы – тарихи кезеңдерді этнология типологиясы бойынша бейнелеу үлгілеріне қатысты ұғым.

Әлеуметтік құрылым – қоғамдық еңбек бөлінісіне, өндіріс күштерінің және өндірістік қатынастардың деңгейіне байланысты қалыптасқан қауымдардың тұтастығы және олардың өзара тұрақты қатынастары.

Әмір – шығыс елдеріндегі әскербасшылық атақ.

Әулие – ерекше дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға.

– Б –

Баба – арғы ата, ұлы ата.

Бай – дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті-әлеуметтік топ.

Бақсы – емші, дәнекер, тылсым дүниемен сұхбатта болатын –

медиум, жыршылық, музыкалық, т.б. ерекше қасиеттері бар шамандық наным өкілі.

Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жаужүрек ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ.

Бедел – адамның жалпы жұрт таныған қадір-қаситі, ықпалы, көзқарастар жүйесі немесе белгілі бір қасиеттеріне, сіңірген еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет.

Бек – ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасшылық дәрежесін білдірген әскери шен, атақ.

Би – дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі.

Биосфера (грекше *bios* – тіршілік, *sphaira* – сфера, аймақ) – тіршілікті қамтитын және соған байланысты өзіндік геологиялық, физикалық, химиялық құрылысы бар жер қабаты.

Болмыс – санаға тәуелсіз өмір сүретін объективті дүниені, материяны адамдардың материалдық өмірінің табиғатын белгілеуге арналған ұғым.

Босқын – аштықтан, қуғын-сүргіннен қашып көшу, қашқан ел.

Бұқаралық мәдениет (ағылшынша *mass culture* – бұқаралық мәдениет) – XX ғасырдағы батыс елдеріне тән мәдени тип.

– В –

Вестернизация (ағылшынша *western* – батыстық) – батыс мәдениеті үлгілерін қабылдау, басқа мәдениеттердің батыстандырылуы.

– Г –

Генезис (грекше *genesis* – пайда болу, қалыптасу) – дамушы құбылыстың, нәрсенің, болмыс бітімдерінің бастапқы кезеңі, шығу тарихы, қалыптасу сатылары.

Генеология – туыскандық қатынастарға негізделген, шыққан арғы тектен бастау алатын ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым.

Генетика (грекше *geneticos* – шығу тегіне қатысты) – организмдердің өзгергіштік және тұқым қуалау заңдары туралы ғылым.

Генетикалық тәсіл – табиғи және әлеуметтік құбылыстарды олардың дамуына талдау жасауға негізделген зерттеу тәсілдері.

Геноцид (грекше *genos* – тек, қауым, латынша *caedere* – өлтіремін) – нәсілдік немесе этностық басымдылық пен жеккөрушілікті желеу етіп, адамдық бірлестіктерді жою әрекеттері.

Генофонд – нақтылы бір этностық немесе өркениеттің адамзаттың жалпы мәдени қазыналар қорына қосқан құндылықтарының жиынтығы.

Географиялық орта (грекше *geo* – жер, *grapho* – жазу) – қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамдық өмір процестерімен қамтылған және қандай

болмасын қоғамның дамуы мен сақталуына қажетті жағдай жасайтын заттар мен жанды және жансыз табиғат құбылыстарының (жер беті, атмосфера, гидросфера, топырақ қабаты, өсімдік және жануарлар дүниесі) жиынтығы.

Гипотеза (грекше *hypothesis* – негіз, болжам) – ой қорыту жүйесі, сол арқылы бірқатар фактілер негізінде объектінің, байланыстың немесе құбылыс себептерінің болуы туралы тұжырым жасайды.

Глоссарий – терминдермен айтылған ойлардың түсіндірме сөздігі.

Гурхан – кидандар мемлекеті билеушісінің лауазымы.

– Г –

Гимарат – белгілі бір сәулеттік үлгімен салынған құрылыс.

Ғылым – табиғат, қоғам және ой жүйесі туралы жаңа білімдер жасауға бағытталған және оның барлық шарттары мен сәттерін түгел камтитын зерттеу қызметінің саласы.

Ғылыми болжам – теориялық және тәжірибелік деректерді тұжырымдауға және дамудың объективті заңдылықтарына сүйене отырып, табиғат пен қоғамның, зерттелмеген немесе тәжірибеде әлі де болса анықталмаған құбылыстарын болжау.

– Д –

Дағды – ұзақ уақыт қайталаудың нәтижесінде машықтанатын іс-қимылдар.

Дала өркениеті – түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы.

Даму – мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс.

Дәріс – белгілі бір тақырып бойынша материалдарды баяндау. Жоғары оқу орындарында жаңа білімді хабарлаудың алдыңғы қатарлы әдісі.

Дәстүр (латынша *traditio* – жалғастыру) – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғмдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптәрі және т.б., қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік-мәдени мұра элементтері.

Деградация (французша *degradation* – құлдырау) – бірте-бірте төмендеу, құлдырау.

Дедукция (латынша *deductio* – сырын ашу) – пайымдау амалдарының және зерттеу әдістерінің бірі. Ол – ойлаудың жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке көшіп нәтиже шығаратын әдісі.

Демография (грекше *demos* – халық, *grapho* – жазу, сипаттау) – халықты зерттеу, халықтану ғылымы деген ұғымды білдіреді.

Депортация – белгілі бір халықты күштеп көшіру.

Дерекнама – белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүниелер, ескерткіштер.

Дешті Қыпшақ – Қыпшақ даласы, XI-XVI ғасырларда қолданылған географиялық ұғым.

Диалектика (грекше *dialeptomai* – пікірлесіп, талқылап отырмын) – табиғаттың, қоғамның және ой-сана дамуының жалпы заңдары туралы ғылым.

Диаспора (грекше *diaspora* – бытырау, шашырау) – күштеп көшіру арқылы, түрлі саяси-әлеуметтік жағдайға душар болған, басқа елдердің ортасына барып паналаған этностардың шашыранды топтары.

Дуализм (латынша *dualis* – екі жақты) – заттық және рухани мәдениетті екі қарама-қарсы, бірақ негізінде олар бір-бірімен тығыз байланыста болады деп қарастыратын ілім.

Дүниетаным – жалпы құндылықтарға, моральдық қағидаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін бастапқы сенім.

Дін (арабша – *сенім, наным, илану*) – дүниетаным, дүниені қабылдау, сондай-ақ Аллаға немесе Жаратушыға сену.

– Е –

Ел – көне түркі тілінде халық сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау.

Елтебер – Түркі қағанаты тұсындағы дәрежелі әскери-әкімшілік шеннің ең төменгі лауазымы.

Еңбек – адамның өз қажетін қанағаттандыруға бағытталған жұмыс, қызмет.

Еуроазияшылдық – XX ғасырдың 20-жылдары ресейлік эмигранттар арасында пайда болған тарихи-мәдени концепция және оның негізінде қалыптасқан қоғамдық-саяси ұстаным.

Еуроорталықтық – философия, тарих пен мәдениеттанудағы адамзат өркениеттілігінің басты құндылықтарын тек Батыс Еуропада қалыптасты дейтін ағым.

– Ж –

Жабғу – Түркі қағанаты тұсындағы дәрежелі әскери-әкімшілік қызмет сатысы жүйесіндегі қаған мен ұлықтан кейінгі лауазым.

Жәдігер – ертеден қалған мұра, ескерткіш.

Жеке адамға табыну – белгілі бір қайраткердің беделіне көзсіз бас ию, оның сіңірген еңбегін әсірелеп көрсету, тарихи тұлғаны әулиеге теңеу.

Жүйе – өзара қатынастар мен байланыстарда болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын элементтер жиынтығы.

Жүйелік әдіс – негізгі міндеті құрылымы күрделі объектілерді – түрлі типтер мен кластар жүйелерін конструкциялау және зерттеу әдістерімен шұғылданатын ғылымдағы әдістемелік бағыт.

Жылнама – халықтың, мемлекеттің, қаланың, т.б. жылма-жыл жазылған тарихи шежіресі.

– 3 –

Заң – құбылыстардың жүйелі түрде өзгеруіне себепші болатын оның ішкі, мәнді және тұрақты байланысы.

Зат – материалдық дүниенің біршама дербес тіршілік ететін бөлігі.

Зекет – ғаріп-ғасерге тарату үшін арнайы жиналатын салық.

Зороастризм – ежелгі ирандық дуалистік дін, оны Заратуштра пайғамбар құрған. Оның басты нәрсесі – дүниедегі қарама-қарсы екі негіздің: ақ ниетті құдай Ахурамазда бейнесіндегі және зұлымдықтың қара нитеті құдайы – Ариман арасындағы үздіксіз күресі туралы ілім.

– И –

Идеалдылық – адамның бір мақсатты көздеген іс-әрекетінде пайда болатын объективтік нақтылықтың субъективтік бейнесі.

Идентификация – ұқсастық белгілеріне сүйене отырып әртүрлі объектілердің барабарлығын анықтау.

Идея – мағына, маңыз, мән ұғымдәрін білдіретін, ойлау мен болмыс категорияларымен тығыз байланыстағы термин.

Идеология – қоғамдық идеялардың, теориялардың, көзқарастардың жиынтығы.

Иерархия (грекше *hierarchia* – қасиетті және билік) – тігінен алғанда жеке деңгейлер араларындағы тәртіптілікпен, жүйелілікпен және өзара іс-қимылмен, байланыстармен сипатталатын көп қатпарлы күрделі системалардың құрылымдық қатынастар типі.

Иқта – мұсылмандық құқықтағы тиісті салықтарды мемлекетке төлеу шартымен иен жатқан жерлерді пайдалануға беру тәртібі.

Иммиграция – мемлекетке басқа елден түпкілікті немесе уақытша тұруға келу.

Индивидуум (латынша *individuum* – ерекше тұлға) – адамзаттың өкілі, нақты антропологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан ол жеке кісі.

Инновация (ағылшынша *innovation* – жаңалық) – этнология мен социологияда этностың алғашқы даму кезеңінде болмай, кейіннен пайда болған мәдени құбылысты айқындайтын ұғым.

Интеллект (латынша *intellectus* – ақыл, парасат) – адамның ойлау қабілеті.

Интуиция (латынша *intueri* – қадағалап қарау) – алдын ала әртүрлі дәлелдеу арқылы талдауларға сүйенбестен ақиқатқа тікелей жету.

Информация (латынша *informatio* – түсіндіру, мазмұндау) – белгілі бір мәліметтердің, ақпараттардың, білімдердің жиынтығы.

Ислам (арабша – *бас жоушілік, бағыныштылық*) – құдайға құлшылық ету – дүние жүзіне кең тараған діни сенімдердің бір түрі. Исламның дін ілімі мұсылмандардың қасиетті кітабы «Құранда» бяндалған.

– К –

Канон (грекше *kanon* – ереже, қағида, өлшем) – берік сақталған, дәстүрлі, жалпыға түсінікті үлгі.

Категориялар (грекше *kategoria* – пікір айту, куәгерлік) – дүниедегі заттар мен құбылыстардың және таным процесінің неғұрлым ортақ және елеулі байланыстарын көрсететін бірегей, іргелі логикалық ұғымдар.

Киіз үй – көшпелі дәуірге лайықты, ағаш керегелі, киіз туырлықты, жылжымалы баспана үй.

Классификация (латынша *klassis* – разряд, *facere* – жасау) – бөлудің әлдебір жиынтығы болып табылатын ұғым аумағын бөлудің ерекше көрінісі.

Космология (грекше *kosmos* – ғәріш, *logos* – сөз, ілім) – астрономияның бір саласы. Тұтас әлем ретінде шоғырланған ғәріш пен осы бірегей әлемнің астрономиясын бақылауға алынған бір бөлігін зерттейтін ғылым.

Көші-қон – адамадардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы.

Көшпелілік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шараушылық-мәдени типі.

Классификация – бөлудің әлдебір жиынтығы болып табылатын ұғым аумағын бөлудің логикалық операциясы, қолданудың ерекше көрінісі.

Конвергенция (латынша *convergere* – жақындасу, түйісу, қиылысу) – этнологияда әртүрлі этностардың мәдениетінде қоғам дамуының жалпы заңдарының ықпалымен бір-бірінен тәуелсіз туған өзара ұқсас немесе бірыңғай мәдени құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын термин.

Конфликт (латынша *conflictus* – қақтығыс) – қарама-қарсы көзқарастардың, пікірлердің қақтығысы.

Космогония (грекше *kosmos* – әлем, ғәріш, *goneia* – туу) – астрономия ғылымының үлкен бір бөлімі, космостық объектілер мен жүйесін зерттейтін арнаулы саласы.

Көшпелілік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шараушылық-мәдени типі.

Кредит (ағылшынша *credit, credit-hour* – кредит, өлшем) – тыңдау-

шының, оқытушының оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі. Бір кредит академиялық кезең жұмысындағы тыңдаушының апталық аудиториялық жұмысының академиялық сағатына тән.

Қульт, ғибадат (латынша *cultus* – күтім, құрметтеу) – ерекше тылсым күшке сену бағытында көрінетін кимыл, әдет-ғұрып, салт-жоралар жиынтығы.

– Қ –

Қабілет – адам психикасының өмір сүруінің ішкі шарттәрі мен тәсілдері.

Қаған – ерте түрік мемлекеттерінің басшысы.

Қарама-қарсылық – қайшылықтың даму сатыларының бірін білдіретін категория.

Қауым – алғашқы қауымдық құрылыстың негізгі экономикалық ұясы.

Қоғам – адамдар арасында тарихи қалыптасқан саяси-әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың тұрақты жүйесі.

Қоғамдық қатынастар – адамдардың бірлескен практикалық және рухани қызметі процесінде олардың арасында қалыптасатын қатынастар.

Құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам, топ немесе қоғам үшін қасиетті деп танылатын ұғым.

Құран (арабша – «әл-Құран» – *дауыстан оқу, жатқа айту*) – барлық мұсылмандардың негізгі қасиетті кітабы.

– М –

Магистрантқа арналған пәннің бағдарламасы (Syllabus) – әрбір сабақтың тақырыбы және ұзақтылығы көрсетілген әр пәннің оқыту бағдарламасы.

Магистранттардың оқу жетістіктерін бақылау – әртүрлі бақылау тапсырмаларының (жазбаша жұмыстар, тесттер, практикалық жұмыстар, ауызша сауал және т.б.) негізінде нақты пән бойынша магистранттың білім жетістіктерін тексеру; ол өз кезеңінде ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға бөлінеді.

Магистранттардың өзіндік жұмысы (МӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есептер түрінде бақыланатын өзіндік жұмысқа берілген белгілі бір тақырыптар тізімі бойынша жұмыс.

Магия, сиқыр (грекше *mageia* – сиқыршылық) – алғашқы дін формаларының бірі, ол көптеген түсініксіз сиқыршылық құбылыстарды жұмбақ күштердің әсеріне жатқызуға негізделген және адамдарға, жануарларға, қиялдағы рухтарға және т.б. әсер ету мақсатын көздейтін салт-жоралардың жиынтығы.

Мақсат – белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой-санадағы көрінісі.

Маргиналдық (латынша *marginalis* – шет, шекарадағы) – қоғамдағы әртүрлі үдерістердің нәтижесінде (көші-қон, т.д. басқа) пайда болатын өзге мәдениет.

Материалдық мәдениет – біртұтас адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі, адам қызметінің нәтижесі болып табылатын материалдық құндылықтардың барлық түрі.

Материя – адамның сапасынан тыс, тәуелсіз өмір сүретін және санада бейнеленетін объективтік шындық.

Матриархат – алғашқы қауымдық құрылыстың рулық ұйымдасуының бір формасы; ол қоғамдық өндірісте оның істерін басқару мен мүшелері арасындағы қатынастарды реттеуде әйелдің шешуші рөл атқаратындығымен сипатталады.

Мәдениет (латынша *cultura* – өсіру, өңдеу) – адамзаттың болмыс пен сананың барлық салаларындағы әлеуметтік-прогрестік шығармашылығы қызметі; бұл қызмет заттандыру (белгі жүйелерін және т.б. жасау) және затсыздандыру (мәдени мұраны меңгеру) процестерінің диалектикалық бірлігі болып табылады, өмір шындығын өзгертуге, адамзат тарихының байлығын жеке адамның ішкі байлығына айналдыруға, адамның мәндік күшін бәрінен айқындап, дамытуға бағытталады.

Мән – белгілі бір нәрсенің мазмұны.

Мемлекет – қоғамды басқарудың, оның экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғауды іс жүзіне асырушы қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты.

Метафора – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

Метод – жалпы мәні – мақсатқа жетудің тәсілі, белгілі бір түрдегі жүйелі қызмет.

Методология – 1) белгілі бір ғылымда қолданылатын танымдық әдіс-тәсілдердің жиынтығы; 2) таным және дүниені өзгертуге бағытталған практикалық қызметтерді ұйымдастырудың принциптерін, құралдары мен алғышарттарын зерттейтін білімдер саласы.

Мигрант – басқа жерге түпкілікті немесе уақытша қоныс аударған адам.

Миграция – бір жерден екінші бір жерге көшіп-қону.

Миф – тарихтың ертедегі кезеңдерінде туған хикаялар: олардағы қиялы бейнелер (аңызға айналған батырлар, оқиғалар және с.с.) табиғат пен қоғамның түрліше құбылыстарын жалпылай түсіндіруге әрекет жасаудан келіп туған.

Мифология (грекше *mythos* – аңыз, *logos* – ілім) – алғашқы санадағы шындықтың ерте дүниедегі халықтық ауызекі творчествоға тән қиялы түрінде бейнелеуі.

Міндетті компонент (Core Subjects) – оқу бағдарламасы бойынша магистранттардың міндетті түрде оқитын пәндері.

Мобильдік (латынша *mobilis* – қозғалмалы, өзгергіш) – қоғамдағы әлеуметтік топтардың өзгермелілігін білдіретін ұғым.

Монотеизм – бір құдай: бір құдайға құлшылық ету.

Мораль (латынша *mores* – әдет-ғұрып) – қоғамдық сананың бір формасы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институт.

– Н –

Нақтылық – көпжақтылық, күрделілік, дамығандық, тұтастық.

Наным – субъектінің жағдайы, ол жеке адамның рухани дүниесімен тығыз байланысты болады, идеяларда бейнеленетін, объект туралы белгілі бір ақпарат хабарының негізінде пайда болады, басқа да сезімдермен қатар наным сезімімен қосарласып, адам қызметінің мотиві, стимулы, мақсаты және бағдары болып табылады.

Негіз – белгілі бір құбылыстың, нәтиженің өмір сүруіне және оны айқындауға алғышарт жасайтын қажетті жағдай.

Ноосфера (грекше *nous* – ақыл-парасат, *sphaira* – сфера, аймақ) – планетаның адам ақыл-парасаты мен саналы іс-әрекеті қамтитын аймағы.

– О –

Оба – тастан қалаған, топырақтан үйіп жасалған төбешік, қорым, меже, белгі.

Объект – адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін материалдық дүние, ақиқат.

Одақ – 1) қоғамдық топтардың тығыз ұйымдасқан бірлестігі; 2) белгілі бір мақсатты бірлесіп жүзеге асыру үшін мемлекеттер арасында жасалатын бітім, келісім, шарт.

Оқытудың кредиттік жүйесі – оқу үрдісін регламенттеу және білім көлемін кредит түрінде есепке алу шегінде білім траекториясын таңдау, жекелендіру негізінде өз бетінше білім алуды жоғарылату және білімді шығармашылық түрде игеруге бағытталған білім беру жүйесі.

Оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылатын магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ) (Office Hours) – оқу кестесінде көрсетілген және оқытушының педагогикалық жүктемесіне кіретін оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың аудиториядан тыс жұмысы.

Оралман – Қазақстан Республикасына шетелдерден қайтып оралған қазақтар.

Отан – туған ел, атамекен.

Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға, яғни ері мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен апа-қарындастардың және бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан-алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы.

– Ө –

Өзгешелік – қайшылық дамуының бір жағын білдіретін категория.

Өмір – материя қозғалысының формасы, өсу көрінісінің жалпы жиынтығы, тіршілік.

Өмірдің мағынасы – кез келген дамыған дүниетанымдық жүйені және осы жүйеге тән, моральдық нормалар мен игіліктерді бейнелейтін регулятивтік ұғым.

Өндіргіш күштер – тарихи процестің негізгі және анықтаушы дерегін білдіретін тарихты материалистік ұғынудың басты категорияларының бірі.

Өндіріс – өмірге қажетті материалдық жағдайларды жасау мақсатында адамдардың табиғатты түрлендіруін сипаттайтын адам мен табиғат арасындағы зат алмасуын бейнелейтін ұғым.

Өнер – қоғамдық сана мен қызметінің өзгеше формасы, көркем тұлға арқылы берілетін шындықтың бейнесі, дүниені эстетикалық игерудің аса маңызды тәсілі.

Өркениет (латынша *civiles* – азаматтық) – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы.

Өту баллы (*Grade Point Average – GPA*) – таңдап алынған бағдарлама бойынша магистранттың оқу жетістіктері деңгейінің орташа бағасы (кредиттердің қорытынды бақылау баллдарының сандық эквивалентіне көбейтінділері жиынтығының ағымдағы оқу кезеңіндегі жалпы кредит санына қатынасы).

– П –

Пайғамбар – әулие, көріпкел, Алланың дінін, уағызын қауымға таратушы.

Парадигма (грекше *paradejgm* – мысал, үлгі) – нақты ғылыми зерттеуді айқындайтын теориялық және методологиялық алғышарттар жиынтығы.

Пассионарлық (латынша *passion aries* – құштарлық, сезімдік) – қимыл-қаракет, іс-әрекетті аңсаған құштарлық, жекелеген адамдарда да, топтарда да болуы мүмкін шектен тыс күш-қуатқа қабілеттілік.

Патриархат (грекше *potniarches* – ру басы) – алғашқы қауымдық құрылыстың рулық ұйымының формасы; ол қоғамдық өндірісте оның істерін басқару мен мүшелері арасындағы қатынастарды реттеуде ерлердің маңызды рөл атқаруымен сипатталады.

Патриотизм (грекше *patris* – отан) – адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс.

Политеизм (грекше *poly* – көп, *theos* – құдай) – көп құдайшылық: бірнеше құдайға құлшылық ету.

Постиндустриалдық қоғам – экономикалық дамыған елдердің индустриалдықтан кейінгі қоғам типіне өтумен сипатталатын қазіргі жағдайын білдіретін ұғым.

Постмодернизм – модерннен кейінгі, қазіргі заман деген ұғымды білдіреді.

Постулат – белгілі бір ғылыми теория шеңберінде бастапқы дәлелденбейтін ретінде қабылданған оның принципі немесе ұйғарымы.

Практика – адамның саналы, мақсатты, нысаналы, сезімдік нақты қызметі.

Пререквизиттер, постреквизитте (*Prerequisite, Postrequisite*) – берілген пәнге дейін және пәннен кейін игерілуге міндетті пәндер.

Психика (грекше *psyche* – жан) – тіршілік жүйесі мен оны қоршаған ортаның белгі берушілік қарым-қатынастарының жемісі және шарты.

– Р –

Реализм (латынша *realis* – шындық, заттық) – өнердің объективті және танымдық, эстетикалық табиғатын жүзеге асыра алатын көркемдік әдістердің бірі.

Репатриант – шетелдерден өз Отанына қайтып оралған адам.

Репрессиялау – адамдардың белгілі тобын мемлекет тарапынан саяси қудалау.

Реэмигрант – өзінің тарихи Отанына кетіп, өз еркімен тұрған мемлекетіне қайтып келген эмигранттар.

Ритуал – әлеуметтік реттелген, рәмізделген жүріс-тұрыстың тарихи қалыптасқан бітімі.

Ру – қаны бір, туыстық байланыстармен топтасқан алғашқы қауым – алғашқы қауымның экономикалық қатынасының барысында қалыптасқан адамдар бірлестігінің түрі.

Рух – табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін ұғым.

– С –

Сабактастық – жалпылық байланыс пен дамудың арақатынасын бейнелейтін материалистік ұғымы.

Салт – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер жинағы.

Сана-сезім (латынша *cum scientia* – санамен бірге) – объективті шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғарғы формасы, оның дүниеге және өзіне адамдардың қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей формаларының жанама түрдегі қатынасының тәсілі.

Себептілік – бірі (себеп деп аталатын) екіншісін (салдар немесе әрекет деп аталатын) тудыратын құбылыстардың генетикалық байланыстарын белгілейтін категория.

Сезім – адамның айналадағы шындыққа және өзіне қатынасындағы қиналыс, толғанысы тұрақты, ұзақ мерзімді толқумен салыстырғанда қысқа мерзімді тоқуды сөздің тар мағынасында кейде эмоция деп атайды.

Семантика (грекше *semanticos* – белгілеуші, білдіруші) – семиотиканың түрлі белгілік формалардың мәні мен мағынасын зерттеуге арналған бөлігі.

Семиотика (грекше *semeion* – белгі) – белгімен хабарлаудың ең қарапайым жүйесінен тілдерге және ғылымның формалданған тілдеріне дейінгі белгілік жүйелерді салыстырып зерттеумен айналысатын пән. Белгілік жүйелердің негізгі функциялары: а) хабарларды жеткізу және мәнді білдіру функциясы; б) тілдік қатынас функциясы, яғни тыңдаушының берілген хабарды түсінуін қамтамасыз ету, сонымен бірге іске даярлау, оған эмоциялық әсер ету және т.б.

Сенім – білімге негізделмесе де белгілі бір құбылыстың ақиқаттығына илану.

Символизм (грекше *symbol* – белгі) – модернизмнің алғашқы көркем-әдеби бағыты.

Синкретизм (грекше *synkretismos* – біріктіру) – қандай да болсын құбылыстың жетілмеген, дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіретін ұғым.

Синтез – анализ арқылы ажыратылған бөлшектерді, қасиеттерді, қатынастарды тұтас бүтінге біріктіру процесі.

Сословие – құл иеленуші және феодалдық құрылысқа тән таптық айырмашылық формаларының бірі.

Социализация (латынша *socialis* – қоғамдық) – индивидтің әлеуметтік-мәдени тәжірибені – ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жинақталатын еңбек машықтарын, білім нормаларын, бағалы қазыналарды, дәстүрлерді сіңіріп, онан әрі дамытуы, индивидті қоғамдық қатынастар жүйесіне қатыстыру және оның бойында әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыру процесі.

Социум (латынша *socium* – ортақ, бірлескен) – адамдардың біршама тұрақты бірлестігі.

– Т –

Табиғат – өзінің барлық шексіз көп түрлілігімен көрінетін бізді қоршаған дүние.

Тағдыр – адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала пешенесіне жазып қоятын табиғаттан тыс күш туралы діни мистикалық түсінікті білдіретін ұғым.

Тайпа – алғашқы қауымдық құрылысқа тән адамдар бірлігінің формасы. Ол рулық қатынастарға негізделді, яғни оның мүшелері қандас туыстардан тұрды, рулар мен аталарға бөлінді.

Таным – іс-әрекетінің адам мақсаттары мен ұмтылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық-тарихи процесі.

Таптар – адамдардың қоғамдық өндірістің тарихи белгілі бір жүйесіне алатын орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарының қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы рөліне қарай, демек, қоғамдық байлықтан алып отырған үлесінің мөлшеріне және ол үлесті бөлу әдістеріне қарай жіктелетін үлкен топтары.

Тарихи-салыстырмалы әдіс – түрлі құбылыстарды зерттеу және түсіндіру жолында осы құбылыстардың форма жағынан ұқсастығы арқылы олардың генетикалық жақындығын, яғни олардың пайда болуының ортақ негізі туралы тұжырым жасау.

Тарихтың объективті факторы – адамдардан тәуелсіз және олардың қызметінің бағыты мен ауқымын көрсететін шарттар.

Тарихтың субъективті факторы – бұқараның, топтардың, мемлекеттің, жеке адамдардың белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеттері, олардың санасы, еркі, іс-қимылға бейімділігі және т.с.с. жатады.

Теория (грекше *theoria* – бақылау, қарастыру, зерттеу) – өзінің объектісін құрастырып отырған белгілі бір жиынтықтың қызметін сипаттайтын, түсіндіретін және болжайтын, шындықтың қандай да болмасын «фрагменті» жөніндегі нақты білімді жинақтап қорытындылайтын жүйе.

Тепе-тең ақиқат пікірлер – ақиқаттың кез келген мәндерінде ақиқат болатын қисындама пікірлер, өрнектер немесе формулалар.

Тепе-теңдік – заттың, құбылыстың өзара біркелкі, тең дәрежелі болуын немесе бірнеше заттың деңгейлес екендігін өрнектейтін категория.

Типология (грекше *typos* – үлгі, пішін, *logos* – ілім) – этнологияда қолданыс тапқан ғылыми тәсіл.

Толеранттылық (ағылшынша *tolerance* – төзімділік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, идеяларға төзімділік.

Тоталитаризм (латынша *totalis* – барлығы, тұтастай, жиынтық) –

зорлық-зомбылық пен қоқан-лоққыны негізіне алған саяси үстемдік жүйесі.

Тотемизм – алғашқы қауымдық қоғам дінінің ерте кезгі формаларының бірі. Оның негізі – қандайда болсын адамдар тобының белгілі бір жануарлар, өсімдіктер, заттар немесе құбылыстармен ортақ тектестігіне және қандас туыстығына нану.

Трайбализм (латынша *tribal* – тайпа) – мәдени-тұрмыстық, мәдени-діни және қоғамдық-саяси салаларда кездесетін тайпалық ерекшеліктерге бас ұрып, сол өзгешеліктерді алға тарту.

Тұрмыс – қоғам өмірінің адам өзін ұлғаймалы өндіруімен тікелей байланысты негізгі аяларының бірі, оның тамақ, киім, тұрғын үй, демалу, көңіл көтеру, денсаулығын сақтау сияқты жақтарын қанағаттандыратын материалдық және мәдени орта.

Тұрмыс-салт – тұрмыста қалыптасқан әдет, дәстүр, жора.

Тіршілік – өзгермелі заттардың өзара байланыстары мен әрекеттерінің алуан түрлілігі.

– У –

Уақыт және кеңістік – материяның негізгі өмір сүру формалары.

Урбанизация (латынша *urbanus* – қалалық) – адамзатты таратып орналастырудағы қалалардың рөлі мен ара салмағына байланысты қалалық өмір салтын орнату сипатындағы тарихи процесс.

– Ү –

Ұғым – дүниені танып-білу сатысындағы белгілі бір тұтастықта құрастырылып отырған заттың мәнін оның қалыптасу тәсілін анықтау арқылы олардың теориялық танымның формасы.

Ұлыс – тайпалық қатынастардың ыдырау барысында тарихи қалыптасқан адамдардың қоғамдастығы.

– Ү –

Үлгерімді аралық бақылау (*Midterm Examination*) – бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілетін магистранттың оқу жетістіктерін мерзімдік тексеру.

Үлгерімділікті ағымдағы бақылау – оқу пәнінің әрбір тақырыбы немесе әрбір тарауы бойынша оқу пәнінің оқытушысы жүзеге асыратын тыңдаушының оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

– Ф –

Факт (латынша *factum* – жасалған, істелген) – объективті және ғылыми факт ұғымын айырып көрсетеді. Объективті факт деп адам қызметінің немесе танымының объектісін құрайтын кейбір оқиғаны,

құбылысты, ақиқат көрінісін түсіну қабылданған. Ғылыми факт – объективті фактінің адам санасында көрініс табуы, яғни оны кейбір жасанды немесе тарихи – тіл арқылы суреттеу.

Феномен (*phainomenon*) – бізге тәжірибеде берілген, сезім мүшелерінің көмегімен түйсінілетін құбылысты білдіретін ұғым.

Фетишизм (португалша *feitico* – алдау, арбау) – әр затқа тән ерекше әлеуметтік сипат беретін, ал мәдени даму барысында пайда болатын қасиеттерді табиғи нәрселер болып табылатын қоғамдық қатынас және соған сәйкес келетін көзқарастар.

Философия – адамның қоршаған дүниеге қатынасының жалпы формаларымен заңдылықтарын зерттейтін ілім.

Фольклор (латынша *folk* – халық, *lore* – ілім) – халық арасында кең таралған шығармалар (аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, әдет-ғұрыптар және т.б.).

Функция – (латынша *functio* – атқару, орындау) қандай болмасын қатынастар жүйесіндегі белгілі бір объектінің сыртқы көрінісі.

– X –

Халық – белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны; ел-жұрт, көпшілік, бұқара.

– Э –

Эмиграция – басқа мемлекетке түпкілікті немесе уақытша тұруға кету.

Эндогамия – этностың немесе белгілі бір тайпаның өз ішінде неке қосуы.

Эпос – көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда, өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Этногенез – этностың шығу тарихы.

Этникалық идентификация – этностардың бір-біріне жақындығы.

Этникалық қауымдастық – тарихи жағынан белгілі бір территорияда қалыптасқан, тілдің, мәдениет пен психиканың, өздеріне ортақ, айтарлықтай ерекшеліктеріне, сондай-ақ өздерінің бірлігін және этнонимде бекітілген өздері тәріздес құрылымдардан айырмашылығын сезіну санасына ие адамдардың тұрақты бірлестігі.

Этникалық құрам – бір мемлекетте тұратын ұлт өкілдерінің құрамы.

Этнос – адамдардың еркінен тыс, табиғи-тарихи процесс нәтижесінде пайда болған әлеуметтік топтасудың айрықша бір түрі.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Этнос жайында біршама толық дуалистік түсініктеме берген:

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Я.В. Чеснов
- C. Н.Н. Чебоксаров
- D. В.А. Тишков
- E. Л.Н. Гумилев

2. Этнологиялық зерттеулерге кіретін классикалық емес әдіс:

- A. этноәлеуметтік зерттеу
- B. контент-талдау
- C. эксперттік баға беру әдісі
- D. далалық-этнологиялық зерттеу
- E. стационарлық әдіс

3. Дүниежүзілік этнографиялық журнал “Current anthropology” қай университетте шығады?

- A. Оксфорд университетінде
- B. Чикаго университетінде
- C. Геттингем университетінде
- D. Сорбона университетінде
- E. Мәскеу университетінде

4. Қазақтың көрнекті ғалымы Ә.Х. Марғұлан қандай еңбегімен белгілі болды?

- A. қолданбалы қолөнер
- B. археология
- C. материалдық мәдениет
- D. барлық аталғандар
- E. архитектура

5. 1926-1927 жылдары КСРО ҒА-ның ерекше комитеті Қазақстан жайында қай саланы зерттеді?

- A. шаруашылық
- B. антропология
- C. этнография
- D. барлық аталғандар
- E. материалдық мәдениет

6. Этностың ақпараттық концепциясының авторы?

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Я.В. Чеснов

- C. Н.Н. Чебоксаров
- D. В.А. Тишков
- E. Л.Н. Гумилев

7. Этнология жайындағы хабарламаларды талдаудың классикалық әдістемесі:

- A. карточкалар мен құжаттарды тіркеу
- B. типологизациялау
- C. қадағалау
- D. картография
- E. контент-талдау

8. Артефактіге қатыстысы:

- A. рухани мәдениет
- B. материалдық мәдениет
- C. музыкалық мәдениет
- D. өнер
- E. фольклор

9. Әлем халықтарының этнографиялық сипаттауына ең бірінші жататын:

- A. жергілікті халықтың ерекшеліктері
- B. рухани мәдениет
- C. материалдық мәдениет
- D. барлық аталғандар
- E. этникалық тарихы

10. КСРО мен Қазақстанның этнографиялық ғылымының дағдарысқа ұшыраған жылдары:

- A. 1930-жылдар
- B. 1940-жылдар
- C. 1950-жылдар
- D. 1970-жылдар
- E. 1980-жылдар

11. Этностың примордиалистік теориясының өкілі:

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Я.В. Чеснов
- C. М. Вебер
- D. В.А. Тишков
- E. Л.Н. Гумилев

12. Отандық этнографиялық ғылым саласы 1990 жылға дейін қандай теорияны ұстанды?

- A. эволюциялық

- В. функционализмдік
- С. мәдени морфологиялық
- D. маркстік-лениндік
- E. структуралық

13. Мемороттар дегеніміз не?

- A. этнографиялық жинақтау
- B. артефактілер
- C. шежірелер
- D. материалдық заттар
- E. нумизматикалық жинақ

14. Этнологиялық зерттеулердің стационарлық әдісінің зерттейтін мәселесі:

- A. жол бағыттары
- B. кішкентай объектілер
- C. көптеген объектілер
- D. барлық аталғандар
- E. экспедициялар

15. Қазақтардың антропологиялық негізі:

- A. Орталық Азиялық тип
- B. Оңтүстік Сібірлік тип
- C. Каспийлік тип
- D. Барлық аталғандар
- E. Тұрандық тип

16. Этностардың мәдени-шаруашылық белгілері бойынша айырмашылығы:

- A. шаруашылық түрі
- B. өмір сүру салтына қарай
- C. материалдық мәдениетіне қарай
- D. барлық аталғандар
- E. еңбек құрал-жабдықтарына қарай

17. Этностың биоәлеуметтік концепциясының авторы:

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Я.В. Чеснов
- C. Н.Н. Чебоксаров
- D. В.А. Тишков
- E. Л.Н. Гумилев

18. Мәлімет жинастырудың дәстүрлі әдістерінің қатарына жатпайтыны:

- A. әңгіме түріндегі сұрақ-жауап

- В. бейне көріністер
- С. қадағалау
- D. картография
- Е. әңгімелесу

19. Этнологиялық экспедицияның информаторлары қалай аталады?

- A. корреспонденттер
- В. мемораттар
- С. артефактілер
- D. сыншылар
- Е. респонденттер

20. ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнология институтының ашылған жылы:

- A. 1945 ж.
- В. 1946 ж.
- С. 1947 ж.
- D. 1948 ж.
- Е. 1949 ж.

21. Қазақ этнопсихологиялық, теориялық-әдістемелік мәселелеріне талдау жасаған кім?

- A. Т.Т. Тәжібаев
- В. Н.Д. Жандильдин
- С. Х.А. Арғынбаев
- D. М.М. Сужиков
- Е. Р.А. Әбсаттаров

22. Қазақ этностарының өмір сүру салтының теориялық-әдістемелік мәселелерін зерттеген кім?

- A. Н. Әлімбаев
- В. Х. Арғынбаев
- С. М. Мұқанов
- D. барлық аталғандар
- Е. ешкім зерттеген жоқ

23. Этнологиялық зерттеудің бағыттық әдісіне тән зерттеу:

- A. стационарлық
- В. кіші объекті
- С. көптеген объектілер
- D. барлық аталғандар
- Е. бірнеше отбасы

24. Қазақстан этностарының этномәдени дамуының зерттелген жылы:

- A. 1949 ж.
- B. 1959 ж.
- C. 1969 ж.
- D. 1979 ж.
- E. 1989 ж.

25. Этностардың өзара қарым-қатынасын, территориясы мен географиялық ортасын зерттеген автор:

- A. В.А. Тишков
- B. Я.В. Чеснов
- C. Л.Н. Гумилев
- D. Ю.В. Бромлей
- E. Н.Н. Чебоксаров

26. Шаруашылық-мәдени типтер туралы теорияның авторлары:

- A. С.П. Толстов, Б.В. Андрианов
- B. С.П. Толстов, Ю.В. Бромлей
- C. С.П. Толстов, Н.Н. Чебоксаров
- D. Ю.В. Бромлей, Н.Н. Чебоксаров
- E. С.П. Толстов, М.Г. Левин

27. Этностың пассионарлық теориясының авторы:

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Я.В. Чеснов
- C. Н.Н. Чебоксаров
- D. В.А. Тишков
- E. Л.Н. Гумилев

28. Этнологиялық зерттеулердің қорытынды кезеңі қалай аталады?

- A. материалдар іздеу
- B. материалдар жинау
- C. материалды реттеу
- D. материалды талдау
- E. барлық аталғандар

29. ТМД елдеріндегі этнология журналдарының ішіндегі қомақтысы:

- A. Этнология
- B. Этнографиялық хабарлама
- C. Этнографиялық хабаршы
- D. Этнографиялық шолу
- E. Этнология хабаршысы

30. ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің ең бірінші басшысы:

- A. Ә.Х. Марғұлан
- B. X.A. Арғынбаев
- C. H.C. Сабитов
- D. M.C. Мұқанов
- E. X.A. Кауанова

31. Көшпелі шаруашылықтың негізгі ерекшеліктері:

- A. жылқы мен ұсақ малдардың болуы
- B. табиғат құбылыстарына тәуелділігі
- C. күні-түні малдарды жайылымда ұстауы
- D. барлық аталғандар
- E. ұсақ малдарды ұстау

32. Этностың этносфера ұғымының авторы?

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Я.В. Чеснов
- C. H.H. Чебоксаров
- D. B.A. Тишков
- E. Л.Н. Гумилев

33. Қазақ халқының дәстүрлі тағамы:

- A. ет-сүт тағамдары
- B. дәнді дақылдар
- C. жеміс-жидек, көкөніс
- D. барлық аталғандар
- E. тек етпен қоректенген

34. Қауымның негізгі өмір сүру салты:

- A. ұжымдық өндіріс
- B. жайлауға қауымдық меншік
- C. малға жеке отбасылық меншік
- D. барлық аталғандар
- E. туыстық байланыстар

35. «Ұлт-мемлекет» концепциясының авторы:

- A. Ю.В. Бромлей
- B. P. Бурдые
- C. Б. Андерсон
- D. B.A. Тишков
- E. H.H. Чебоксаров

36. Материалдық мәдениеттің басты элементтері:

- A. елді мекен
- B. тұрғын үй
- C. киім
- D. тағам
- E. барлығы

37. XX ғасырдың басында қазақтардың шаруашылығында қой қанша пайызды құрды?

- A. 5 %-ға жуық
- B. 10 %-ға жуық
- C. 20 %-ға жуық
- D. 40 %-ға жуық
- E. 60 %-ға жуық

38. Қазақ халқының дәстүрі бойынша етті қалай сақтаған?

- A. тұздау
- B. кептіру
- C. сығу
- D. қақтау
- E. барлық аталғандар

39. Ең тез пісетін тары дақылының түрі:

- A. қызыл тары
- B. қонақ
- C. ақ бикеш
- D. қоңыр шолақ
- E. кара тары

40. XX ғасырдың басында Қазақстанда егістікті суландырудың қандай түрі қолданылды?

- A. атпамен
- B. шегірмен
- C. қолмен
- D. барлық аталғандар
- E. арықпен

41. Қазақстан территориясының далалық аймағы қандай территорияны алып жатыр?

- A. 10 %-ға жуық
- B. 20 %-ға жуық
- C. 30 %-ға жуық
- D. 40 %-ға жуық
- E. 50 %-ға жуық

42. Жорытуға қойдың қай мүшесі қолданылған?

- A. шеке
- B. жамбас
- C. төс
- D. мойын
- E. жауырын

43. «Очерки теории этноса» деген монографияның авторы?

- A. Ю.В. Бромлей
- B. Р. Бурдые
- C. Б. Андерсон
- D. В.А. Тишков
- E. Н.Н. Чебоксаров

44. Қауымның негізгі атқаратын қызметі?

- A. суармалы жерлерді жүйелі түрде игеру
- B. өніммен қамтамасыз ету
- C. жайылымдарды дұрыс пайдалануды реттеу
- D. адамдардың жеке қарым-қатынастарын реттеу
- E. барлық аталғандар

45. Төмендегі туыстық қатынастардың қайсысы алысырақ?

- A. қайын жұрт
- B. нағашы жұрт
- C. атажұрт
- D. барлығының туыстық жақындығы бірдей
- E. жаңа жұрт

46. Қазақстанның континентальді климаттық режиміне тән:

- A. температураның тәуліктік өзгеруі
- B. маусымдық
- C. жылдық
- D. температураның жылдам өзгеруі
- E. барлық аталғандар

47. Қой етінің қай мүшесі қонаққа берілмейді?

- A. жамбас
- B. төс
- C. мойын-жауырын
- D. жауырын
- E. бас

48. «Этногенез и биосфера Земли» атты монграфияның авторы?

- A. Л.Н. Гумилев

- В. Р. Бурдые
- С. Б. Андерсон
- D. В.А. Тишков
- Е. Н.Н. Чебоксаров

49. Патронимикалық бірлестікке тән:

- A. рулық-тайпалық бірлестік
- В. шешесі жағынан түбі бір
- С. қоғамдық өмірдің тәртібі
- D. әкелік жағынан үстемдік
- Е. барлық аталғандар

50. «Нации и национализм» деген монографияның авторы?

- A. Ю.В. Бромлей
- В. Р. Бурдые
- С. Э. Геллнер
- D. В.А. Тишков
- Е. Н.Н. Чебоксаров

51. Қазақтардың көшіп-қонуының арақашықтығы:

- A. 50-100 км
- В. 150-300 км
- С. 350-700 км
- D. 750-1000 км
- Е. 1500 км

52. Қазақтардың көшпенді шаруашылық-мәдени типін зерттеген ғалым:

- A. С.Е. Толыбеков
- В. Х.А. Арғынбаев
- С. Н.Э. Масанов
- D. Г.Ф. Дахшлейгер
- Е. барлық аталғандар

53. Қазақтардың дәстүрлі егіншілігін зерттеген ғалым:

- A. С.Е. Толыбеков
- В. Х.А. Арғынбаев
- С. Н.Э. Масанов
- D. Г.Ф. Дахшлейгер
- Е. Л.М. Ауэзова

54. Қазақтардың ұлттық ойындарын зерттеген ғалым:

- A. С.Е. Толыбеков

В. Х.А. Аргынбаев
С. Н.Э. Масанов
D. Б. Төтенаев
E. Л.М. Әуезова

55. Қазақтардың үлкен қауымдастықтары қанша шаруашылықтан тұрды?

- A. 3-5
- B. 10-15
- C. 20-25
- D. 30-40
- E. 45-50

56. Қазақстанның географиялық жағдайындағы басым сипаттама:

- A. континенттік климат
- B. шөлдік аймақтар
- C. жартылай шөл аймақтар
- D. жайылымдардың аз өнімділігі
- E. барлық аталғандар

57. Қазақтарда экзогамиялықтың нормасы:

- A. 7 ата туыстығына дейін
- B. 8 ата туыстығына дейін
- C. 9 ата туыстығына дейін
- D. 11 ата туыстығына дейін
- E. Барлық аталғандарға

58. XX ғасырдың басында қазақтардың мал шаруашылығындағы табынның түр құрамындағы жылқының үлесі:

- A. 10 %-ға жоғары
- B. 30 %-ға жоғары
- C. 50 %-ға жоғары
- D. 70 %-ға жоғары
- E. 75 %-ға жоғары

